Среди заболеваний дыхательных путей во время беременности, по данным различных авторов, наиболее часто отмечены ОРВИ, грипп, фарингит, трахеит, бронхит. В структуре всей экстрагенитальной патологии частота острых респираторных вирусных инфекций (ОРВИ) у беременных составляет до 80%. ОРЗ в период беременности наблюдается у 2-9% пациенток. Значимость проблемы определяется неблагоприятным влиянием респираторной вирусной инфекции на течение беременности, роды, послеродовой период, а также перинатальную заболеваемость. [1,2]

Вирусы, вызывающие большую часть острых респираторных заболеваний, особенно опасны в I три-

местре, так как оказывают эмбриопатическое, тератогенное, фетопатическое воздействие, в последующем могут вызвать прерывание беременности. Отмечают формирование пороков развития (при инфицировании в I триместре беременности – до 10%, угрозу прерывания беременности в 25-50%, внутриутробное инфицирование плода в 30% случаев). [2]

Как известно, в организме матери при нормально протекающей беременности всегда создается состояние временного иммунодефицита. Сформировавшийся при беременности иммунный статус (дефицит IgG, угнетение фагоцитоза нейтрофилов и макрофагов, гиперфункция Т-супрессоров) приводит, прежде всего, к повышенной восприимчивости к вирусной (грипп, гепатит, полиомиелит, краснуха, ветряная оспа) и бактериальной (особенно стрептококковой) инфекции. Поэтому тяжесть осложнений выше при заболевании во II и III триместрах беременности, когда женщины менее устойчивы к инфекциям. [3]

При заболеваниях острыми инфекциями дыхательной системы во втором и/или третьем триместре беременности обычно нарушается физиологическое ее течение, проявляясь функциональными нарушениями в организме матери и плода, в некоторых случаях приводя к неразвивающейся беременности, инфицированию плода с последующими постнатальными проявлениями. [4]

По данным М.В. Майорова (2011 г.), беременные чаще болеют первичным бронхитом в сочетании с ларингитом, трахеитом, острым респираторным заболеванием. При этом у преобладающего большинства (80%) отмечено угрожающее прерывание беременности, у каждой третьей беременной (32,7%) – гестоз и хроническая внутриутробная гипоксия плода (28,8%). Преждевременные роды случаются у 18,4% женщин. [5]

К осложнениям гестации также относят плацентарную недостаточность с формированием задержки внутриутробного развития и хронической гипоксии плода. [2,6]

После перенесенной инфекции дыхательной системы во время беременности в процессе родов у таких пациенток не удается обнаружить каких-либо осложнений. Роды в остром периоде вирусной болезни, особенно преждевременные, оказывают неблагоприятное воздействие на плод и новорожденного, что проявляется в более низких показателях физического развития и повышенной заболеваемости. У женщин с острыми инфекционными болезнями отмечается увеличение частоты осложнений в послеродовом периоде. [3]

Актуальность данной темы заключается в том, что, не смотря на имеющиеся многочисленные данные литературы, на сегодняшний день нет четких рекомендаций по ведению беременных при острых инфекциях дыхательной системы в различные сроки гестации, с учетом развития отдаленных осложнений у матери и плода.

ЦЕЛЬ ИССЛЕДОВАНИЯ

Изучить особенности течения беременности, родов, послеродового периода и состояние новорожденных при острых инфекциях дыхательной системы в различные сроки беременности.

МАТЕРИАЛ И МЕТОДЫ ИССЛЕДОВАНИЯ

Сбор данных и исследование проводились на базе родильного дома №5 города Алматы. В проспективном исследовании приняли участие 30 женщин, поступивших в отделение патологии городского клинического родильного дома №5 г. Алматы с различными заболеваниями органов дыхания и разными сроками беременности в течение 2017 года. Проведен сбор анамнеза, общий и акушерский осмотр, анализ индивидуальных карт беременных, изучено течение родов, послеродового периода, а также истории развития новорожденных.

Из общего числа обследованных первородящие составили 23,3%, повторнородящие – 76,7%. Беременные в возрасте 19-24 лет составили 23,3%, 25-29 лет – 53,4%, старше 30 лет – 23,3%. Средний возраст обследованных – 26,2±3,1 года.

Все беременные находились на диспансерном учете в женской консультации, посещали участкового врача в среднем 7 раз. Преобладающее большинство женщин обратилось в женскую консультацию при сроке беременности до 14 недель (77,5%), остальные 22,5% – свыше 14 недель.

В анамнезе из соматических заболеваний у каждой третьей (33,3%) беременной преобладали заболевания мочевыделительной системы, у каждой четвертой (26,7%) – хронические заболевания органов дыхания. Заболевания эндокринной системы составили 16,7%, сердечно-сосудистой системы – 13,3%, пищеварительной системы – 10,0%.

Таблица 1 – Структура соматической заболеваемости беременных

№	Заболеваемость беременных	n	%
1	Заболевания мочевыделительной системы (хронический пиелонефрит, пиелозктазия)	10	33,3
2	Заболевания дыхательной системы (хронический бронхит, хронический тонзиллит, внебольничная пневмония, перенесенный туберкулез легких)	8	26,7
3	Заболевания эндокринной системы (гипотиреоз, ожирение)	5	16,7
4	Заболевания сердечно-сосудистой системы (АГ, НЦД по гипертоническому типу)	4	13,3
5	Заболевания пищеварительной системы (хронический гастрит, язвенная болезнь желудка)	3	10,0

Как видно из таблицы 1, в числе заболеваний дыхательной системы – хронический бронхит, хронический тонзиллит, внебольничная пневмония, перенесенный туберкулез легких.

Гинекологический анамнез показал высокую частоту встречаемости воспалительных заболеваний жен-

ских половых органов (вульвовагинит, сальпингоофорит) у каждой второй (50,0%), патологию шейки матки у каждой третьей (33,3%) женщины. Далее по частоте встречаемости отмечены генитальный эндометриоз, полип цервикального канала, поликистоз яичников.

В структуре перенесенных острых инфекций дыхательной системы в первом триместре беременности чаще встречались острая респираторная вирусная инфекция и острый фарингит (10,0%). Во втором триместре у каждой третьей (33,3%) обследованной отмечены острый фарингит, острая респираторная вирусная инфекция и острый бронхит. Однако у преобладающего большинства беременных (76,7%) инфекции дыхательной системы отмечены в третьем триместре беременности, что подтверждает роль естественного снижения иммунорезистентности (преимущественно в III триместре) в развитии инфекционной патологии респираторного тракта. Причем у каждой пятой (20,0%) наблюдался рецидив инфекции после проведенного стационарного лечения (таблица 2).

Таблица 2 – Структура перенесенных острых инфекций дыхательной системы

№	Перенесенные острые инфекции дыхательной системы	Триместр беременности	n	%
1	Острая респираторная вирусная инфекция	Первый	2	6,7
2	Острый фарингит		1	3,3
3	Острый фарингит	Второй	5	16,7
4	Острая респираторная вирусная инфекция		3	10,0
5	Острый бронхит		2	6,7
6	Острый трахеобронхит	Третий	9	30,0
7	Острая респираторная вирусная инфекция		7	23,3
8	Острый трахеит		4	13,3
9	Острый бронхит		3	10,0

Как видно из таблицы 2, наиболее часто встречающаяся патология во время беременности – острая респираторная вирусная инфекция (40,0%), на втором месте – острый трахеобронхит (30,0%), на третьем – острый фарингит (20,0%).

Всем беременным после полного клинико-лабораторного исследования, осмотра терапевта, инфекциониста (по показаниям) в течение 5 дней проведена антибактериальная (ампициллин 1,0•4 раза в день в/м или цефазолин 1,0•3 раза в день в/м), симптоматическая (амбро 2,0•2 раза в день в/м), противовирусная терапия (тамифлю 75 мг•2 раза в день). В 9 случаях, учитывая длительное течение инфекционного процесса, для исключения пневмонии проведена рентгенография органов грудной клетки, посредством которой был подтвержден острый бронхит.

После перенесенной инфекции дыхательных путей течение беременности у 46,7% обследованных осложнилось артериальной гипертензией. Также выявлены вызванные беременностью отеки и проте-

инурия, гипертензия и преэклампсия легкой степени. У 33,3% женщин отмечена угроза прерывания беременности в различные сроки гестации, а именно угрожающие самопроизвольный выкидыш, преждевременные роды. У 13,3% после проведенного дополнительного исследования (УЗИ органов малого таза с определением индекса амниотической жидкости, доплерометрии) выявлены многоводие, маловодие, у 6,7% – задержка роста плода.

Как видно из рисунка 1, вследствие перенесенной инфекции дыхательных путей течение беременности осложнилось артериальной гипертензией, угрозой прерывания беременности, многоводием, маловодием и задержкой роста плода.



Рисунок 1 – Осложнения течения беременности

У многих женщин (60,0%) произошли самопроизвольные срочные роды в затылочном предлежании, в 10,0% случаев – преждевременные роды на 35-36 неделях беременности. Среди осложнений течения родов следует отметить дородовый разрыв плодных оболочек у 20,0% беременных, у которых в течение 24 часов спонтанно началась регулярная родовая деятельность.

В 9 случаях (30,0%) роды закончились кесаревым сечением в плановом и экстренном порядке. Согласно протоколу МЗ РК №10 от 4 июля 2014 года «Кесарево сечение», для снижения риска послеоперационных инфекций с профилактической целью необходимо назначение антибиотиков за 15-60 минут до кожного разреза. При этом следует выбрать антибиотики, эффективные против эндометрита, инфекции мочевыводящих путей и раневой инфекции, которые встречаются примерно у 8-20% женщин, подвергшихся кесареву сечению [7]. Во всех случаях перед операцией в профилактических целях назначен цефазолин по 1 грамму в/в.

Средняя продолжительность первого периода родов составила 9 часов 40 минут, второго – 50 минут. При этом у каждой четвертой беременной процесс родовой деятельности осложнился родовым травматизмом (26,7%): в основном, это разрывы влагалища и промежности 1,2 степени. В 93,3% случаев состо-

яние новорожденных оценено по шкале Апгар на 7-8 баллов, 6,7% случаев – 6-7 баллов (извлечение путем кесарева сечения по поводу угрожающего состояния плода). Послеродовый период протекал без осложнений. Все новорожденные выписаны домой с матерями в удовлетворительном состоянии под наблюдение врача акушера-гинеколога.

ВЫВОДЫ

1. У преобладающего большинства беременных (76,7%) инфекции дыхательной системы отмечены в третьем триместре беременности, что подтверждает роль естественного снижения иммунорезистентности беременных (преимущественного в III триместре) при развитии инфекционной патологии респираторного тракта.

2. В структуре острых инфекций дыхательной системы во время беременности на первом месте – острая респираторная вирусная инфекция (40,0%), на втором – острый трахеобронхит (30,0%), на третьем – острый фарингит (20,0%).

3. Наиболее частыми осложнениями беременности после перенесенной острой инфекции органов дыхания являются артериальная гипертензия (46,7%), угроза прерывания беременности в различные сроки гестации (33,3%).

4. Среди осложнений течения родов следует отметить дородовый разрыв плодных оболочек у каждой пятой (20,0%) обследованной, родовой травматизм (разрыв влагалища и промежности) у каждой четвертой роженицы (26,7%) и у каждой десятой (10,0%) – преждевременные роды при сроке 35-36 недель.

5. Своевременная диагностика и комплексная терапия острых инфекций дыхательной системы во время беременности способствуют благоприятному течению послеродового периода.

Литература:

1. Р.М. Раева, А.С. Кегенбекова и др. Акушерские и перинатальные исходы при острых вирусных инфекциях. – Вестник КазНМУ. – №4. – 2013. – С. 20-21.
2. Акушерство. Национальное руководство. Под редакцией Э.К. Айламазяна, В.И. Кулакова, В.Е. Радзинского, Г.М. Савельевой. – М.: ГЭОТАР-Медиа, 2014, стр. 387-397.
3. Шехтман М.М. Руководство по экстрагенитальной патологии у беременных. – MedBooks, 6 издание, 2013 г, 896 с.
4. Jung M.A., Epperson S., Biggerstaff M., Allen D., Balish A., Barnes N., et al. Outbreak of variant influenza A(H3N2) virus in the United States. – Clin Infect Dis. 2013; 57: 1703-1712.
5. М.В. Майоров, Е.А. Жуперкова, С.И. Жученко. Беременность и заболевания органов дыхания. – Провизор. – №4. – 2011. – С.15-19.
6. Valenzuela-Méndez B., Valenzuela-Sánchez F., Rodríguez-Gutiérrez J.F. «Pregnancy and Influenza Respiratory Infection. Implications of Immunological Alterations, Clinical Repercussion and Current Basis of Management and Prevention», 2016.
7. Клинический протокол диагностики и лечения «Кесарево сечение». Утвержден на Экспертной комиссии по вопросам развития здравоохранения Министерства здравоохранения Республики Казахстан, протокол №10 от 4 июля 2014 года.

Уважаемые рекламодатели!

Информацию о размещении рекламных модулей и PR-материалов в журнале «Фармация Казахстана» и на сайте издания, прайс-лист, контакты редакции смотрите на электронном ресурсе издания (www.pharmkaz.kz).

SUMMARY

BISHEKOVA B.N.¹, SHUKENOVA E.K.¹, ZULPUHAROV A. ZH.², KHON A.¹, KALIDINOVA A.¹,

¹Kazakh national medical university named after S.D. Asfendijarov, Almaty c., ²International Kazakh-Turkish University by name K.A. Jassavi, Turkestan c.

THE COURSE OF PREGNANCY, CHILDBIRTH AND POSTPARTUM PERIOD IN ACUTE INFECTIONS OF THE RESPIRATORY SYSTEM

The first place among acute respiratory infections during pregnancy takes – acute respiratory viral infection (40,0%), the second place takes – acute tracheobronchitis (30,0%), and acute pharyngitis (20,0%) takes the third place. The majority of pregnant (76,7%) had acute respiratory viral infections in their third trimester which is related to essential reduction of immune-resistance of the respiratory tract of pregnant (predominantly in the III trimester). And every fifth (20,0%) had a recurrence of the infection after being in a daycare center. The most frequent complications: arterial hypertension – 46,7%, pregnancy termination risk in different terms of gestation – 33,3%. Among the listed complications it should be noted a prenatal rupture of membranes in every fifth (20,0%), a birth traumatism (vaginal and perineal rupture) in every fourth woman (26,7%) and a premature birth at the 35-36 weeks of pregnancy in every tenth (10,0%). Timely diagnosis and integrated antibacterial, antiviral, symptomatic therapy of acute infections during pregnancy, contributes a favorable course of the postpartum period.

Keywords: acute respiratory infections, pregnant women, complications of pregnancy, labor, postpartum period.

МРНТИ: 76.29.48

БИЩЕКОВА Б.Н.¹, КОЛДАСБАЕВА А.С.¹, ШУКЕНОВА Э.К.¹, ЗУЛПУХАРОВ А.Ж.², МУХАМЕДЖАНОВА Ж.А.¹,
¹С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы қ., ²Қожа Ахмет Ясауи атындағы
 Халықаралық Қазақ-Түрік университеті, Түркістан қ.

ҚАҒАНАҚ СУЫНЫҢ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН КЕТУІНЕ ЭСЕР ЕТЕТІН ҚАУІП-ҚАТЕР ФАКТОРЛАРЫ

Қағанақ суының мерзімнен бұрын кетуінің себептері туралы көптеген жинақталған білімнің болуына қарамастан, босанудың осы асқынуының этиологиясы және қауіп-қатер топтары туралы сұрақ осы күнге дейін ашық қалуда. [4,6]

АНДАТПА

Қазақстан Республикасында ана мен бала денсаулығын қорғау мемлекеттік мәселелер қатарына жатады. Біздің конституцияда: «Отбасы, ана болу, әке болу және балалық шақ қоғам мен мемлекеттің қорғауында» деп жарияланған [1]. «Қазақстан – 2030» президенттің жолдауында және денсаулық сақтауды қайта жаңғырту туралы мемлекеттік бағдарламасында мемлекеттің жалпы стратегиялық мәселелердің ең бастысына әйелдер мен балалардың денсаулығын жақсарту және отбасын нәтижелі демографиялық саясатпен жанұяға қолдау туралы көрсетілген. Осы мәселені тиянақты шешу үшін акушерлік тәжірибеге нәтижелі перинаталды технологияларды еңгізу мақсатында «Қауіпсіз ана болу» аумақтық бағдарлама ұсынылған. Сол бағдарламаның ішінде – қағанақ суының мерзімінен бұрын кету кезінде, жүктіліктің мерзіміне байланысты жүргізу тактикасына нақты назар аударылған. [2]

Түйін сөздер: жүктілік, қағанақ суының мерзімінен бұрын кетуі, қауіп факторлар, босану.

ЗЕРТТЕУ МАҚСАТЫ

Мерзіміне жеткен жүктілікте, қағанақ суының мерзімінен бұрын кетуіне әсер ететін қауіп-қатер факторларын анықтау.

МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Босануға дейін қағанақ қабының жарылуы – бұл ретті толғақ басталмас бұрын жүктіліктің 37 аптасынан бастап және одан да көп мерзімінде амниотикалық қабының өздігінен жарылуы. [3]

Мерзімі жеткен жүктілікте қағанақ суының мерзімінен бұрын кетуімен асқынған босану саны әртүрлі әдебиеттердегі мәліметтер бойынша 8,2%-19,6% құрайды және төмендеу байқалмайды. Қағанақ суының мерзімінен бұрын кетуі келесі босануда қайталану жиілігі 20-32% құрайтынын ескеру қажет [4]. Американдық акушер-гинекологтар коллегиясының мәліметтері бойынша біз талқылап жатқан патология 37 аптаға дейінгі жүктілікті бір нәрестемен босанулардың 2,0-4,0%, ал көп нәрестелі босанулардың 7,0-20,0% асқындырады. [5]

Нәресте қабы немесе амниотикалық сұйықтық ұрықты қоршап тұратын биологиялық белсенді орта болып табылады. Жүктілік ағымында қағанақ суы ана – плацента-ұрық жүйесінің қалыпты жұмысын қамтамасыз ететін сан алуан қызметтерді атқарады.

Қағанақ суының мерзімінен бұрын кетуі әртүрлі себептерден амнионның қысымға қарсы тұру күші төмендеуінен болады. Жеткілікті амнион сұйықтығы бар зақымдалмаған амнион ұрықтың дамуына ғана емес, сонымен қатар жоғарлаушы инфекциядан қорғау үшін қажет. Әрине, бұл мембрананың механикалық керілуінен де болуы мүмкін. Мысалы, көп нәрестелі жүктілік және көп сулық кезінде. Бірақ амнион қарсы қысымның төмендеуі де мүмкін себебі болуы ықтимал. Жүктіліктің 20 аптасынан бастап коллаген синтезі азаяды (коллаген-мРНҚ төмендеуі) және лизилоксидаза сияқты коллаген – тұрақтандырушы ферменттердің өндірілуі төмендейді. Конкретті матрицалық металлопротеиназалармен (ММП-1,8,9) коллаген бұзылуының жоғарлауы да қағанақ суының мерзімінен бұрын кетуінің басқа механизм болып табылады. Хориоамнионит кезінде болған босану матрицалық металлопротеиназалар деңгейінің тепе-теңдігінің бұзылуына әкеледі. Коллагеннің еру қасиетінің жоғарлауы амнион бұзылуына әкеліп мембрананың қарсы қысымын төмендетеді. [7,8]

Қағанақ қуығы жарылуының механизмін тіндік және жасушалық деңгейінде зерттеу кезінде жарылу орнында өзгерген аймақ анықталды. Сол аймақтағы өзгерістер дәнекер тіндік компоненттің морфологиялық қалындауы, цитотрофобласт және децидуалді қабатының жұқаруы, сонымен қатар амнион мен хорион аралық байланысының бұзылуымен сипатталады. Қағанақ қабының жарылу аймағында жасушалық деңгейде қарағанда ферменттер (фосфолипазалар, эластазалар, матрицалық металлопротеиназалар және т.б. протеазалар) және биологиялық белсенді заттар (эйкозаноидтар, әсіресе простагландин E2, цитокиндер) анықталды. Айтылған өзгерістер мерзімінде босану үрдісі кезінде физиологиялық қағанақ қабының жарылуында да болады, бірақ мерзімі жетпеген жүктілікте және босануға дейін болатын қағанақ қуығының жарылуына әкелетін факторлар өзгеше. Сонымен қатар қағанақ қуығының мерзімінен бұрын жарылу себебі қан тамырлық эндотелиалды фактордың әсері болып табылады. Ал жергілікті қабыну қағанақ қуығының мерзімінен бұрын жарылуынан екіншілік болып пайда болады. [9]

Американдық акушер-гинекологтар коллегиясы (ACOG) гестацияның осы асқынуына әкелетін келесі қауіп-қатер факторларды бөліп көрсетеді: анамнезінде нәресте қуығының мерзімінен бұрын жарылуымен болған мерзімінен ерте босану; әйелде жыныс мүшелерінің қабыну ауруларының және интраамниотикалық инфекция; истмико-цервикалды жетіспеушілік; аспаптық медициналық шаралар; әйелдің зиянды әдеттері және аурулары; жатыр дамуының ақаулары және көп нәрестелі жүктілік; жарақаттар. [10, 11]

Мерзімі жеткен жүктілік кезінде қағанақ қуығының мерзімінен бұрын жарылуына әкелетін факторлар:

а) акушерлік-гинекологиялық анамнезінің ерекшеліктері: жатыр дамуының ақаулары, анамнезінде екі немесе одан да көп жасанды немесе өздігінен болған түсіктер;

б) жүктіліктің асқынуы: көп нәрестелі жүктілік, жүктіліктің үзілу қауіпі жүктілік кезіндегі анемия, нәрестенің жамбаспен жатуы, плацентарлық жетіспеушілік, жүктіліктің әртүрлі мерзімінде болған жедел респираторлы вирусты инфекция, преэклампсия;

в) қосымша экстрагениталды аурулар: әртүрлі типті қант диабеті, зәр шығару жүйесінің қабыну аурулары. [6, 12, 13, 14]

Босануға дейін қағанақ қуығының жарылуы кезінде жүктілікті ары қарай жүргізу гестация мерзіміне, ана мен нәресте жағдайларына және қарсы көрсеткіштеріне байланысты: белсенді немесе күту тактикасы. Міндетті түрде жүкті әйелдің таңдаған тактикасына мәліметті қолжат алу қажет. [3, 15]

Негізгі жүргізілетін диагностикалық шаралар: қан тобы және резус фактор анықталады, жалпы зәр анализі, жалпы қан анализі, биохимиялық анализ, коагулограмма, гепатит маркерлары, АИВ, флюорография, ЭКГ, онкоцитологияға жағынды алынады, міндетті түрде терапевт қарайды, кіші жамбас және іш қуысының УДЗ.

Қағанақ суының мерзімінен бұрын кетуінде қынаптық зерттеусіз, жүкті әйел 24 сағат бойы перзентханада дәрігерлер бақылауында: нәресте жүрек соғысының жиілігін, анасының дене қызуын, тамыр соғу жиілігін, жыныс жолдарынан бөлінділерді, жатыр жиырылуын бақылауында болады. Осы уақыт аралығында өздігінен босану әрекеті басталмаса, босану индукциясы жүргізіледі. Босанудан кейінгі іріңді септикалық аурулардың алдын алу мақсатымен, сусыз кезең 18 сағат және босану қызметінің пайда болуымен антибиотиктер бастайды (бензилпенициллин, пенициллинге аллергия анықталса цефазолин немесе клиндамицин). Қалған жағдайларда антибактериалды ем тек хориоамнионит белгілері пайда болғанда ғана көрсетілген. [3, 15]

ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ ЖӘНЕ ТАЛДАУ

2017 жылы қағанақ суының мерзімінен бұрын кетуімен Алматы қ. №5 перзентханаға түскен 582 жүкті әйелге зерттеу жүргізілді. Осы патологияның жиілігі 2016-9,0% жылмен салыстырғанда өзгеріс анықталмайды, 2017 жылы – 9,7% құрады.

Жүкті әйелдердің 85,9% перзентханаға жүктіліктің 37-41 апталық мерзімінде келіп түсті. Әйелдердің орташа жасы 25,1±3,8 болды.

Анамнезінде 34,4% әйелдерде алдыңғы жүктіліктері өздігінен және медициналық түсіктермен, дамымаған жүктілікпен, мерзімінен бұрын босанумен аяқталған.

Соматикалық аурулардың ішінде зәр шығару жолдарының аурулары (созылмалы пиелонефрит, цистит, симптомсыз бактериурия) – 25,3%, тыныс алу жүйесінің аурулары (жедел респираторлы вирусты инфекция, созылмалы тонзиллит, бронхит) – 20,6% әйелдерде кездеседі. Зерттелген жүктілерде эндокринді жүйесінің патологиясы (қалқанша безінің диффузды үлкеюі, семіздіктің 1-2 дәрежесі) – 10,1%, жүрек қантамыр жүйесінің аурулары – 9,8%, ас қорыту жүйесінің патологиясы – 8,9% құрады. Гинекологиялық аурулардың арасында әйел жыныс мүшелерінің қабыну аурулары әр төртінші (24,1%), жатыр мойнының патологиясы әр бесінші (19,2%) әйелде кездеседі.

Кесте 1 – Жүкті әйелдерде соматикалық аурулардың құрылымы

№	Жүкті әйелдердегі аурушылдық	%
1	Зәр шығару жолдарының аурулары	25,3
2	Тыныс алу жүйесінің аурулары	20,6
3	Эндокринді жүйесінің патологиясы	10,1
4	Жүрек қантамыр жүйесінің аурулары	9,8
5	Ас қорыту жүйесінің патологиясы	8,9

1 кесте бойынша, соматикалық аурулардың арасында әйелдерде ең жиі зәр шығару жолдарының және тыныс алу жүйесінің аурулары кездеседі.

Жүктіліктің ағымы: жүктілердің 98,8% әйелдер консультациясында бақылауда тұрған. Жүктілік 30,9% әйелде жеңіл және орта дәрежелі анемия фонында өтті, жүктіліктің үзілу қаупі 25,9% жағдайда байқалды. 9,8% жүкті әйел тыныс алу жүйесінің әртүрлі жедел ауруларына (жедел респираторлы вирусты инфекция, тұмау, фарингит, трахеит, бронхит) және 9,6% зәр шығару жолдарының ауруларына (гестациялық пиелонефрит, созылмалы пиелонефриттің өршуі) байланысты стационарлық ем қабылдады. Перинаталды инфекциялар (ЦМВ, ЖГВ тасымалдаушылық, хламидиоз, листериоз, токсоплазмоз және микоплазмоз) 9,3% әйелде анықталды. Жүктілік кезіндегі гипертензивті жағдайлар 8,9% кездесті, нәрестенің құрсақ ішілік дамуының кідіруі, аз сулық 7,7% анықталды.

Кесте 2 – Жүктіліктің ағымы

№	Жүктіліктің ағымы	%
1	Жеңіл және орта дәрежелі анемия	30,9
2	Жүктіліктің үзілу қаупі	25,9
3	Тыныс алу жүйесінің әртүрлі жедел аурулары	9,8
4	Зәр шығару жолдарының аурулары	9,6
5	Перинаталды инфекциялар	9,3
6	Жүктілік кезіндегі гипертензивті жағдай	8,9
7	Нәрестенің құрсақ ішілік дамуының кідіруі, аз сулық	7,7

Сонымен қатар, 2 кесте бойынша қағанақ суының мерзімінен бұрын кетуінде, жүктілік кезінде әр үшінші (30,9%) әйелде анемия, әр төртіншісінде (25,9%) жүктіліктің үзілу қаупі және әр бесінші (19,4%) әйелде экстрагениталды патология анықталды.

Қағанақ суының мерзімінен бұрын кетіп түскен зерттелген әйелдердің жалпы санынан, 24 сағат ішінде босану әрекеті 76,8% жағдайларда өздігінен басталды. Қалған 135 (23,2%) жүкті әйелге Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау Министрлігінің 04.07.2014 ж. №10 бекітілген хаттамада келтірілген схема бойынша 500,0-0,9% физиологиялық ерітіндіде 5 бірлік окситоцинмен көк тамырға тамшылап босану қызметін қоздыру жүргізілді. Босану қызметін қоздыруның нәтижесіздігі мен босанудың бірінші кезеңінде нәрестенің қауіпті жағдайына байланысты 27 (4,8%) босанушы әйел кесар тілігі арқылы босандырылды. Босануға дейін қағанақ қуығының жарылуы бар зерттелген әйелдердің жалпы санынан төрт әйелде хориоамнионит анықталып, ол 0,7% құрады.

Босанудың бірінші кезеңін ұзақтығы орташа 8 сағат 50 минут, босанудың екінші кезеңі – 45 минут. Босанудың үшінші кезеңін бөлсеңді жүргізу әйелдің мәліметті келісім қолма хат алынуымен жүргізілді, асқынусыз. Жаңа туылған нәрестелердің 95,0% Апгар шкаласы бойынша 7-8 баллға, 4,6% – 6 балл бес минуттан кейін 7 баллға бағаланды. Екі нәресте асфиксияның ауыр дәрежесінде туылды, себебі босанудың екінші кезеңінде нәрестенің қауіпті жағдайына байланысты, вакуум экстракция арқылы босандырылды. Олар ары

қарай емін жалғастыру мақсатымен, қалалық клиникалық балалар емханасына ауыстырылды. Қалған нәрестелер анасымен бірге 3-5 тәулікте перзентханадан үйіне шығарылды.

Тиімді антибиотикопрофилактика және антибиотикотерапияны қолдануы арқылы босанудан кейінгі кезең асқынусыз өтті.

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Қағанақ суының мерзімінен бұрын кетіп түскен әйелдерде әр үшіншісінде (34,4%) алдыңғы жүктіліктері өздігінен және медициналық түсіктермен, дамымаған жүктілікпен, мерзімінен бұрын босанумен аяқталған.

2. Созылмалы зәр шығару жолдарының аурулары (созылмалы пиелонефрит, цистит, симптомсыз бактериурия) – 25,3% және тыныс алу жүйесінің аурулары (жедел респираторлы вирусты инфекция, созылмалы тонзиллит, бронхит) – 20,6% әйелдерде анықталды.

3. Гинекологиялық аурулардың арасында әйел жыныс мүшелерінің қабыну аурулары әр төртінші (24,1%), жатыр мойнының патологиясы әр бесінші (19,2%) әйелде кездеседі.

4. 30,9% әйелде жүктілік жеңіл және орта дәрежелі анемия фонында өтті, жүктіліктің үзілу қаупі 25,9% жағдайда байқалды. 19,4% әйелде экстрагениталды патология анықталды: тыныс алу жүйесінің және зәр шығару жолдарының аурулары.

5. Қағанақ суының мерзімінен бұрын кетіп түскен зерттелген әйелдердің жалпы санынан, 24 сағат ішінде босану әрекеті 76,8% жағдайларда өздігінен басталды. Қалған 23,2% жүкті әйелге бекітілген схема бойынша босануды окситоцинмен қоздыру жүргізілді. Босану қызметін қоздыруның нәтижесіздігі мен босанудың бірінші кезеңінде нәрестенің қауіпті жағдайына байланысты 27 (4,8%) босанушы әйел кесар тілігі арқылы босандырылды. Хориоамнионит 0,7% құрады.

6. Жаңа туылған нәрестелердің 95,0% Апгар шкаласы бойынша 7-8 баллға, 4,6% – 6 балл, бес минуттан кейін 7 баллға бағаланды. Екі нәресте асфиксияның ауыр дәрежесінде туылды, себебі босанудың екінші кезеңінде нәрестенің қауіпті жағдайына байланысты, вакуум экстракция арқылы босандырылды.

7. Тиімді антибиотикопрофилактика және антибиотикотерапияны қолдануы арқылы босанудан кейінгі кезең асқынусыз өтті.

Сонымен, қағанақ суының мерзімінен бұрын кетуіне келтіретін келесі қауіп қатер факторлар анықталды: 34,4% әйелдерде – асқынған акушерлік анамнез: өздігінен болған және медициналық түсік, дамымаған жүктілік, мерзімінен бұрын босану; әр төртінші (25,3%) зерттелгендерде созылмалы зәр шығару жолдарының аурулары және әр бесіншісінде (20,6%) тыныс алу жүйесінің аурулары. Жүктіліктің асқынулары: әр түрлі дәрежелі анемия – 30,9%, жүктіліктің үзілу қаупі – 25,9%, жедел тыныс алу жүйесінің және зәр шығару жолдарының аурулары – 19,4%, перинаталды инфекциялар – 9,3%, жүктілік кезіндегі артериалды гипертензия – 8,9%.

РЕЗЮМЕ

БИЩЕКОВА Б.Н.¹, КОЛДАСБАЕВА А.С.¹,
ШУКЕНОВА Э.К.¹, ЗУЛПУХАРОВ А.Ж.²,
МУХАМЕДЖАНОВА Ж.А.¹,

¹Казахский национальный медицинский
университет имени С.Д. Асфендиярова,
г. Алматы, ²Международный Казахско-Турецкий
университет имени Х.А. Ясави, г. Туркестан

ФАКТОРЫ РИСКА ПРИ ДОРОДОВОМ РАЗРЫВЕ ПЛОДНЫХ ОБОЛОЧЕК

На основе исследования 582 историй родов с дородовым разрывом плодных оболочек при сроке беременности в 37-41 неделю выявлены факторы риска. Отягощенный акушерский анамнез у 34,4% обследованных, а именно самопроизвольные выкидыши, медицинские аборт, неразвивающаяся беременность, преждевременные роды. У каждой четвертой (25,3%) – хронические заболевания мочевыводящих путей и у каждой пятой (20,6%) – инфекции дыхательной системы. Осложненное течение беременности представлено анемией различной степени тяжести – 30,9%, угрозой прерывания беременности – 30,9%, острыми инфекциями дыхательной системы и мочевыводящих путей – 19,4%, артериальной гипертензией у беременных – 19,4%.

Ключевые слова: беременность, дородовый разрыв плодных оболочек, факторы риска, роды.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының конституциясы. 2 бөлім – адам мен азамат. 27 бабының 1 тармағы.
2. Послание Президента страны народу Казахстана (Казахстан-2030).
3. Клинический протокол диагностики и лечения: Преждевременный разрыв плодных оболочек. Утвержден на Экспертной комиссии по вопросам развития здравоохранения МЗ РК, протокол №10 от 04.07.2014 г.
4. Баев О.Р., Васильченко О.Н., Кан Н.Е. и др. Преждевременный разрыв плодных оболочек (преждевременное излитие вод). – Акушерство и гинекология. – 2013. – № 9. – С. 123-134.
5. Егорова А.Т., Руппель Н.И., Маисеенко Д.А., Базина М.И. Течение беременности и родов при спонтанном многоплодии и одноплодной беременности. // Научные ведомости Белгородского государственного университета. Серия: Медицина. Фармация. – 2015. – Т. 30. – №10 (207). – С. 75-80.
6. Каримова У.А., Олимова Л.И. Современное представление об этиопатогенезе и ведении женщин с дородовым разрывом плодных оболочек. – Вестник Педагогического университета. – 2014. – №5 (60). – С. 134-141.
7. Дятлова Л.И. Стереоультраструктура плодных оболочек при нормальной беременности и при беременности, осложненной длительным безводным промежутком. – International Journal Of Experimental Education. – 2014. – №5. – С. 76-77.
8. Palei A.C., Sandrim V.C., Cavalli R.C., Tanus-Santos J.E. Comparative assessment of matrix metalloproteinase (MMP)-2 and MMP-9, and their inhibitors, tissue inhibitors of metalloproteinase (TIMP)-1 and TIMP-2 in preeclampsia and gestational hypertension. – Clin. Biochem. – 2008. – Vol. 41 (10-11). – P. 875-880.
9. Yan. W.H. Immunological aspects of human amniotic fluid cells: Implication for normal pregnancy. – Cell Biology International. – 2008. – Vol. 32. – №1. – P. 93-99.
10. ACOG Committee on Practice Bulletins-Obstetrics. ACOG Practice Bulletin No. 80: premature rupture of membranes. Clinical management guidelines for obstetrician-gynecologists. – Obstet. Gynec. – 2007. – Vol. 109. – P. 1007-1019.
11. Caughey A.B., Robinson J.N., Norwitz E.R. Contemporary diagnosis and management of preterm premature rupture of membranes. – Rev Obstet Gynecol. – 2008. – Vol. (1). – P. 11-22.
12. Кан Н.Е., Санникова М.В., Амирасланов Э.Ю., Тютюнник В.Л. Клинические предикторы прогнозирования преждевременного разрыва плодных оболочек.– Вопросы гинекологии, акушерства и перинатологии. – 2013. – Т. 12. – №3. – С. 12-18.
13. Макаров О.В., Козлов П.В., Иванников Н.Ю., Кузнецов П.А., Багаева И.И. Преждевременный разрыв плодных оболочек: этиология, перинатальная патология, гнойно-септические осложнения. – Вопросы гинекологии, акушерства и перинатологии. – 2014. – Т. 13. – №6. – С. 42-48.
14. Мустафаева А.Г., Кузьмин В.Н. Ретроспективный анализ анамнеза беременных с преждевременным разрывом плодных оболочек. – Естественные и технические науки. – 2015. – №2 (80). – С. 32-36.
15. Dare MR, Middleton P, Crowther CA, Flenady VJ, Varatharaju B. Planned early birth versus expectant management (waiting) for prelabour rupture of membranes at term (37 weeks or more). Cochrane Database Syst Rev. 2006 Jan 25;(1):CD005302.

SUMMARY

BISHEKOVA B.N.¹, KOLDASBAEVA A.S.¹,
E.SHUKENOVA E.K.¹, ZULPUHAROV A. ZH.²,
MUKHAMEDJANOV ZH.A.¹,

¹Kazakh national medical university
named after S.D. Asfendijarov, Amaty c.,
²International Kazakh-Turkish University
by name H.A. Yasavi, Turkestan c.

RISK FACTORS FOR PRENATAL DISCHARGE OF AMNIOTIC MEMBRANES

Results of research of 582 stories of childbirth with a prenatal rupture of amniotic membranes at the term of pregnancy of 34-41 weeks, the following risk factors were identified: bad obstetric history in 34.4% of patients – spontaneous miscarriages, medical abortions, non – developing pregnancy, premature birth; in every fourth (25,3%) chronic diseases of the urinary tract and in every fifth (20,6%) respiratory system infections; complicated course of pregnancy: anemia of varying severity – 30,9%, the threat of termination of pregnancy – 30,9%, acute infections of the respiratory system and urinary tract – 19,4%, arterial hypertension in pregnant women – 19,4%.

Keywords: pregnant women, prenatal rupture of fetal covers, risk factors, labor.

MPHTI: 76.29.48, 76.29.29

БИЩЕКОВА Б.Н.¹, ШУКЕНОВА Э.К.¹, ЗУЛПУХАРОВ А.Ж.², ХОН А.¹, КАЛИДИНОВА А.¹,¹С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы қ., ²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті, Түркістан қ.

ТЫНЫС АЛУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖЕДЕЛ ИНФЕКЦИЯСЫ КЕЗІНДЕ ЖҮКТІЛІКТІҢ, БОСАНУ, БОСАНҒАННАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢІНІҢ АҒЫМЫ

Қазақстанда тыныс алу жүйесінің зақымдалуы барлық аурушылдықтың ішінде басты орында және 100 мың халыққа шаққанда 22 900 жағдайды құрайды. Бұл көрсеткіш IV Ұлттық конгресінің мәліметтері бойынша тыныс алу мүшелерінің ауруларының жүрек-қантамыр жүйесінің ауруларын басып түскенін көрсетеді. Әртүрлі авторлардың мәліметтері бойынша жүктілік кезінде тыныс алу жүйесінің жедел инфекциясы 50-ден 75%-ға дейін құрайды. [1]



АҢДАТПА

Жүктілік кезінде тыныс алу жүйесінің әртүрлі жедел ауруларымен (жедел респираторлы вирусты инфекция, тұмау, фарингит, трахеит, бронхит) ауыру бірнеше авторларының шолу мәліметіне байланысты 50%-75% кездеседі. Жүкті әйелдерде жедел респираторлы вирусты инфекцияның жиі жеңіл және орташа түрі, әр үшінші әйелде (30,0%) жедел бронхит кездеседі. Жүктілік жиі асқынулары болып түсік қауіпі, мерзімінен ерте босану, нәрестенің құрсақшілік індеттелуі табылады.

Түйін сөздер: тыныс алу жүйесінің жедел инфекциясы, жүктілік, жүктіліктің асқынуы, босану, босанғаннан кейінгі кезең.

МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Тыныс алу жүйесінің жедел инфекциясы дамуының қауіп тобына фонды аурулары және басқа жүйелер мен мүшелердің дисфункциясы бар әйелдер кіреді.

Әсіресе жедел респираторлық аурулардың дамуында тыныс алу жүйесінің созылмалы патологиясы, темекі тарту және асқырту жүйесінің патологиясының алатын рөлі ерекше. [2]

Жедел респираторлық ауруларды жиі шақыратын вирустар, жүктіліктің бірінші триместрінде өте қауіпті, себебі, олардың эмбриопатиялық, тератогенді, фетопатиялық әсері бар, жүре келе олар жүктіліктің үзілуіне әкелуі мүмкін. Нәрестенің даму ақауларының түзілу жиілігі 1-10%, жүктілікті көтере алмаушылық 13-18% құрайды. Жүктіліктің екінші және үшінші жартысында тыныс алу жүйесінің жедел инфекциясымен ауырғанда жүктіліктің физиологиялық ағымы бұзылады, ана мен нәресте жағынан функционалды бұзылыстар байқалады, кейбір жағдайларда жүктіліктің дамуы, ары қарай постнаталды көріністермен нәрестенің індеттелуіне әкеледі. [3,4]

Белгілі болғандай, қалыпты өтіп жатқан жүктілік кезінде ана организмінде уақытшы иммунды жетіспеушілік

дамиды. Жүктілік кезінде қалыптасқан иммунды статус (IgG жеткіліксіздігі, нейтрофилдер және макрофагтар фагоцитозының төмендеуі, Т-супрессорлардың гиперфункциясы) вирусты (тұмау, гепатит, полиомиелит, қызамық, шел шешек) және бактериалды (әсіресе стрептококкты) инфекцияны қабылдауға бейім болады. Сондықтан, жүктіліктің II және III триместрлерінде асқынулардың ауыр түрде өтеді, инфекцияға төзімділіктің төмендеуіне байланысты [5]. Тыныс алу жүйесінің жедел инфекциялық ауруларынан кейін асқынуларға, өзіндік түсік қауіпі 50% 25 жағдай, мерзімінен ерте босану 16,5%, нәрестенің құрсақшілік індеттелуі, плацентарлық жетіспеушіліктің нәрестенің дамуының кідіруімен бірге ұштасуы, плацентаның ажырауы 3,2% жағдай кездесті [6,7,8]. Алматы қ., бір әйелдер консультациясы жұмысын талдау қорытындысында жүкті әйелдерде экстрагениталды аурулардың ішінде тыныс алу жүйесінің ауруларының жиілігі 2015 ж. 1,8%, ал 2014 ж. 2,1% құрады. [9]

Бұл тақырыптың маңыздылығына келетін болсақ, көптеген әдебиеттер мәліметтеріне қарамастан, бүгінгі күні жүктіліктің әртүрлі гестация мерзіміне байланысты, ана мен балада болатын алыс асқынулардың дамуын есепке ала отырып тыныс алу жүйесінің жедел инфекциясы бар жүкті әйелдерді жүргізудің нақты нұсқаулары жоқ.

ЗЕРТТЕУДІҢ МАҚСАТЫ

Жүктіліктің әртүрлі мерзімінде болатын тыныс алу жүйесінің жедел инфекциясы кезінде жүктіліктің, босану, босанғаннан кейінгі кезең және жаңа туған бала жағдайының ерекшеліктерін зерттеу болып табылады.

ЗЕРТТЕУДІҢ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Бұл жұмыс Алматы қаласы №5 перзентхана базасында жүргізілді. Проспективті зерттеуге Алматы қаласы №5 перзентхананың жүктілік патологиясы бөлімшесіне 2017 ж. жүктіліктің әртүрлі мерзімінде тыныс алу жүйесінің ауруларымен түскен 30 әйел қатысты. Анамнез жинау, жалпы және акушерлік қарау, жүктіліктің жеке картасы, босану тарихы, босанғаннан кейінгі кезең талданды, сонымен қатар жаңа туған бала картасы да есепке алынды.

Барлық жүкті әйелдердің ішінде алғаш босанатындар – 23,3%, қайта босанатындар – 76,7% құрады. 19-24 жас аралығындағы жүкті әйелдер – 23,3%, 25-29 жас – 53,4%, 30 жастан асқандар – 23,3%. Зерттелушілердің орташа жасы 26,2±31 жас.

Жүкті әйелдердің барлығы әйелдер консультациясында диспансерлік есепте тұрған, дәрігердің қарауында орташа 7 рет болған. Көптеген әйелдер жүктіліктің мерзімі 14 аптаға дейін – 77,5%, қалған 22,5% жүктіліктің мерзімі 14 аптадан асқан кезде есепке тұрған.

Анамнезінде соматикалық аурумен әрбір үшінші әйел ауырады, әсіресе зәр шығару жүйесінің аурулары (33,3%) және әрбір төртінші әйелде тыныс алу жүйе-

сінің созылмалы аурулары бар (26,7%). Эндокринді жүйе аурулары 16,7%, жүрек-қантамыр жүйесі аурулары – 13,3%, асқорыту жүйесі аурулары – 10,0% құрайды.

Кесте 1 – Жүкті әйелдерде соматикалық аурулардың құрылымы

№	Жүкті әйелдердегі аурушылдық	n	%
1	Зәр шығару жүйесінің аурулары (созылмалы пиелонефрит, пиелозктазия)	10	33,3
2	Тыныс алу жүйесінің аурулары (созылмалы бронхит, созылмалы тонзиллит, ауруханадан тыс пневмония, болған өкпе туберкулезі)	8	26,7
3	Эндокринді жүйе аурулары (гипотиреоз, семіздік)	5	16,7
4	Жүрек-қантамыр жүйесі аурулары (АГ, гипертониялық типті НЦД)	4	13,3
5	Асқорыту жүйесі аурулары (созылмалы гастрит, асқазанның ойық жарасы)	3	10,0

Кесте 1-ден тыныс алу жүйесінің ауруларының ішінен созылмалы бронхит, созылмалы тонзиллит, ауруханадан тыс пневмония, болған өкпе туберкулезін көруге болады.

Гинекологиялық анамнезден әйел жыныс мүшелерінің қабыну ауруларының жиі кездесетінін, әрбір екінші әйелде (вульвовагинит, сальпингоофорит) (50,0%), әрбір үшінші әйелде жатыр мойны патологиясын (33,3%) көруге болады. Ары қарай жиілігіне байланысты келесі аурулар: гениталды эндометриоз, цервикалды каналдың полипі, аналық бездің поликистозы кездеседі.

Тыныс алу жүйесінің жедел инфекциясымен ауырығандардың құрылымын алып қарасақ жүктіліктің бірінші триместрінде жедел респираторлы вирусты инфекция және жедел фарингит жиі кездескен (10,0%). Екінші триместрде әрбір үшінші әйелде жедел фарингит, жедел респираторлық вирусты инфекция, жедел бронхит (33,3%) кездесті. Бірақ, жүкті әйелдердің көпшілігінде тыныс алу жүйесінің инфекциясы жүктіліктің үшінші триместрінде жиі кездескен (76,7%), ол жүкті әйелдердің табиғи иммунды резистенттіліктің төмендеуіне байланысты (III триместрде) респираторлы жолда инфекцияның дамуын көрсетеді. Әрбір бесінші әйелде (20,0%) стационарлық ем қабылдағаннан кейін инфекцияның қайталануы болды (кесте 2).


Кесте 2 – Жүкті әйелдердегі тыныс алу жүйесінің жедел инфекциялық ауруларының құрылымы

№	Тыныс алу жүйесінің жедел инфекциялық аурулары	Жүктіліктің триместрі	n	%
1	Жедел респираторлы вирусты инфекция	Бірінші	2	6,7
2	Жедел фарингит		1	3,3
3	Жедел фарингит	Екінші	5	16,7
4	Жедел респираторлы вирусты инфекция		3	10,0
5	Жедел бронхит		2	6,7
6	Жедел трахеобронхит	Үшінші	9	30,0
7	Жедел респираторлы вирусты инфекция		7	23,3
8	Жедел трахеит		4	13,3
9	Жедел бронхит		3	10,0

2 кестені қарағанда, жүктілік кезінде жиі кездесетін ауруға – жедел респираторлық вирусты инфекция (40,0%), екінші орында – жедел трахеобронхит (30,0%), үшінші орында – жедел фарингит (20,0%).

Барлық жүкті әйелдерге толық клиникалық-лабораторлық зерттеулерден, терапевтің, инфекционистің (көрсету бойынша) қарауынан кейін 5 күн бойы антибактериалды терапия жүргізілді (ампициллин 1,0•4 рет күніне б/е немесе цефазолин 1,0•3 рет күніне б/е), симптоматикалық ем (амбро 2,0•2 рет күніне б/е), вирусарға қарсы терапия (тамифлю 75 мг•2 рет күніне). 9 жағдайда, инфекциялық процестің ұзаққа созылуына байланысты пневмонияны жоққа шығару мақсатында кеуде қуысы мүшелерінің рентгенографиясы жасалды, жедел бронхит диагнозы дәлелденді.

Тыныс алу жолының инфекциясымен ауырған жүкті әйелдерде жүктіліктің ағымы гипертензиялық жағдайлармен асқынды 46,7%: жүктіліктің ісінуі және протеинурия, жүктілікпен шақырылған гипертензия, преэклампсияның жеңіл дәрежесі. Жүкті әйелдердің 33,3% гестацияның әртүрлі мерзімдерінде жүктіліктің үзілу қаупі анықталды: өзіндік түсік қауіпі, мерзімінен ерте босану қауіпі. Жүкті әйелдердің 13,3% жүргізілген қосымша диагностикалық зерттеулерден кейін (кіші жамбас мүшелерінің УДЗ амниотикалық сұйықтық индексін есептеумен бірге, доплерометрия) көп сулық, азсулық және 6,7% нәрестенің дамуының кідіруі анықталды.



Сурет – Жүктіліктің ағымының асқынулары

Сурет көрігендей, тыныс алу жолының инфекциясымен ауырған жүкті әйелдерде жүктіліктің ағымының асқынулары: артериалды гипертензиямен, жүктіліктің үзілу қауіпі, көп сулық, азсулық және нәрестенің дамуының кідіруі анықталды.

Көптеген әйелдерде (60,0%) шүйдемен жатумен өзіндік босану болды, 10,0% жағдайда жүктіліктің 35-36 апталарында мерзімінен ерте босану болды. Босану ағымының асқынуларының ішінде босануға дейінгі қағанақ қуығының жарылуын 20,0% жүкті әйелдерде

атап өтуге болады, оларда 24 сағат ішінде өздігінен ретті босану әрекеті басталған.

Және де, біршама параметрлерді (колонка ұзындығы, тасылдағыш, қозғалмайтын фаза, газ-тасылмалдағыш жылдамдығы, температура және т.б.) өзгерту мүмкіндігіне байланысты, газ хроматографиялық әдіс, талдау міндеттерінің әртүрлі шешімін қолдануға мүмкіндік беретін жоғары икемділігімен ерекшеленеді [41]. Жалынды ионизациялы детектрде (ЖИД) үлкен диапозонда май қышқылдарындағы метил эфирін жоғары дәлдікпен анықтау мүмкіндігіне байланысты [42], ГХ-ЖИД әдісі азық-түлік өнімдері мен тағамдық және биоактивті қоспалар құрамындағы май қышқылдарын анықтауда жиі қолданылады [43]. ГХ-ЖИД көмегімен май және май қышқылдарын сандық анықтау әдістемесі кейбір ғалымдар жұмыстарында келтірілген. [44, 48]

АТОМДЫ СПЕКТРОСКОПИЯ

Биоактивті қоспалар көп жағдайда денсаулыққа пайдалы және кері әсері болмаса да, әлемде жүргізіліп жатқан көптеген зерттеулерде, БАҚ құрамында ауыр металдар, пестицидтер және бактериялар бар екенін келтірілген [49, 53]. Биоактивті қоспаларда, фармацевтикалық препараттарда және азық-түлік өнімдерінде, адам денсаулығына зиян келтіретін, мысалы, As, Cd, Cr, Hg, Pb және т.б. металдарға ерекше көңіл бөлген дұрыс. Бұл қоспалар құрамында қаптамада келтірілген қосылыстар ғана болуы тиіс және ауыр металдар секілді зиянды қосылыстар болмауы керек [54]. Биоқоспалар құрамын сипаттауға қатысатын зерттеушілер қоспалар құрамында қаптамада келтірілгеннен де көп элементтер, кейде тіпті улы элементтер табылуы мүмкін екенін біледі.

Жалынды атомды абсорбция (ЖААС), электротермиялы атомды абсорбция (ЭТААС) және атомды флуоресцентті спектроскопия негізіндегі атомды спектрометрлі әдістер биоактивті қоспалар құрамындағы металл және металлоидтарды, әсіресе токсикологиялық маңызы бар нақты элементтерді анықтауда кеңінен қолданылады. Атомды спектроскопиялы әдістер аясында үздіксіз жасалып жатқан жұмыстар нәтижесін-

де, биоактивті қоспалар құрамындағы негізгі және қосымша элементтерді анықтауда қолданылатын күрделі және сезімталдығы жоғары әдістер қатары көбеюде. Мұндай маңызды прогреске құрал-жабдықтарды жетілдіріп және үлгілерді өңдеудің жаңа әдістемелерін қолдану арқылы қол жеткізгендігі туралы айтылған.

ЖААС – сенімді, пайдалануға қарапайым және жиынтықталған әдіс. Бұл әдіс – аз мөлшердегі және негізгі элементтерді анықтауға қолайлы, дәлдігі жоғары (0,1-1%) және аспабы салыстырмалы түрде орташа бағалы. Осыған қарамастан, кемшілігі бір ғана элементпен жұмыс істеу мүмкіндігінде.

Бразилиялық ғалымдар өз жұмыстарында 7 түрлі мультивитаминдер/мультиминералды таблеткалар құрамынан Cu, Fe, Mn және Zn металдарын ЖААС әдісімен анықтау әдістемесін ұсынған. Үлгілер сұйылтылған HCl-мен экстракцияланып және экстракция процесіне әсер ететін параметрлер бақыланған (экстракцияны ерітінді: типі, концентрациясы, араластыру режимі, экстракция уақыты және үлгі құрамы).

Бұл әдіс көмегімен мексикалық зерттеушілер жергілікті 24 диеталық қоспалар құрамында негізгі компоненттермен қатар Cd, Cu, Hg, Pb және Zn бар екендігін анықтаған.

ЭТААС әдісі анықтау шегі төмен (<5 мг/л) және дәлдігі жоғары (0,5-5%) болғандықтан, үлгі массасының өте аз мөлшерінде немесе аз көлемінде (5-40 мл) анықтауға мүмкіндік береді. Өте сезімтал әдіс болғандықтан, кедергі тудыратын мәселелер болмас үшін, өте таза реагенттерді қажет етеді.

Қорғасын, диеталық қоспалар талдауында ең көп зерттелген элемент болды, себебі ол орталық ми жүйесінің жолына әсер ететін уытты элемент. ЭТААС әдісі бойынша диеталық қоспалар құрамынан анықталған Pb концентрациясы <0,7 мкг/г.

МАСС-СПЕКТРОСКОПИЯ

Соңғы онжылдықта тандемді масс-спектроскопия сезімталдығы және өзгешелігіне байланысты биоактивті қоспалар құрамында кездесетін карнитин мен оның күрделі эфирлерін анықтауда көп қолданылатын әдіске айналды. Дегенмен, құндылығына байланысты кезкелген лабораторияда кездесе бермейді. Британдық ғалымдар өз жұмыстарында плазмадағы карнитин мөлшерін анықтауда тандемді масс-спектроскопия әдісін қарастырған.

Колумбиялық зерттеушілер плазма үлгісіндегі жеке және жалпы карнитинді талдау барысында үлгілерді дериватизациялау арқылы масс-спектроскопияны қолданғанын баяндаған.

Италиялық ғалымдар зерттеулерінде диеталық қоспалар құрамындағы креатин, органикалық ластағыштар және ауыр металдар мөлшері келтірілген. As, Cd, Hg және Pb ыдыраған үлгілерден индуктивті байланысқан плазмалы-масс спектроскопия (ИБП-МС) әдісімен анықталған.

Польшалық ғалымдар дәстүрлі қытай медицинасында қолданылатын азиатомедициналық өсімдіктер

Кесте – БАҚ құрамындағы компоненттерді анықтаудың заманауи әдістері

№	Анықталатын қосылыстар	Сынама дайындау	Әдіс	Әдістеме шарттары
1	2	3	4	5
1	Цистеин, L Цистеин	Талдау үшін БАҚ капсуласын ұнтақтап, оны 0,35-0,40 г дистилденген суда ерітіп, 25 мл өлшем колбасына құйып, белгісіне дейін дистилденген сумен келтіру керек. Кейін ерітіндіні 5000 айн/мин жиілікте 15 мин бойы центрифугирлейді.	УК детектрлі кері фазалы ЖЭСХ	C18 (250×4,6 мм×5 мкм)
2	Ұзын тізбекті полиқанқыпқан май қышқылдары, омега-3 (ПҚМК)	Үлгі ұнтақтау камерасына салынып, сұйық азот қосылып, қатырылады. Содан соң ұнтақтағыш көмегімен ұсақталады. Үлгіні гомогенизирлеп, біріктіріп, 80° С-та талдауға дейін сақтау үшін 50 мл центрифугалық сынауықтарға ауыстырады. 1 г үлгіні құйғыш арқылы өткізген соң, центрифугалық сынауыққа салады.	ГХ-ЖИД	SP-2560 100 м×0,25 мм×0,25 мм t _{пеш:} 180° С (t _{уст.} =32 минут)–215° С (t _{уст.} =26,25 минут)–245° С (t _{уст.} =5 минут) u ₁ =20° С/мин; u ₂ =15° С/мин; t _{енг:} 250° С
3	Флавоноидтар (агликондар және гликозидтер)	Диеталық қоспа таблеткалары ұнтақталады. Шамамен 0,2-1,0 г ұнтақ тәріздес таблетканы/капсуланы өлшеп, 10 мл метанолда сұйылтады. Қоспаны ультрадыбыспен (20 мин. бөлме температурасында) өңдеп, 25 мл өлшем колбасына ауыстырып, белгіге дейін метанолмен келтіру керек.	УЖЭСХ-УФ	RP-18e 50 мм×2,0 мм Ацетонитрил/үш фтор сірке қышқылы
4	Куркумин	Талдау алдында үлгілерді 100° С ыстық ауалы пеште 24 сағат бойы материалды келтіру үшін сақтайды, содан соң ұнтақтау қажет. 0,04-0,1 г үлгіні этанолда ерітіп, 100 мл колбаға ауыстырып, белгісіне этанолмен келтіру керек. Ерітіндіні 2 мин бойы 5 000 айн/мин центрифугалайды.	Мезофлюидті платформа (МП) флуоресцентті детектрлі; ЖЭСХ–УФ	C18 (250×4,6 мм×5 мкм) Ацетонитрил/құмырсқа қышқылы t _{енг:} 35° С
5	Флавоноидтар, изовитексин 2"-О-ксилозид (1), витексин 2"-О-ксилозид (2), витексин (3) және изовитексин (4)	Барлық үлгілерді бөлме температурасында келтіріп, ұнтақтап, 1 мм елеуштен өткізіп, 4° С температурада сақтайды.	ЖЭСХ-ДМД	RP-18 50 мм×50 мм×40 мкм
6	Токоферол (витамин Е), каротиноидтар, полифенолды қосылыстар (флавоноидтар), тритерпенді қышқылдар	Жетілген итмұрындар 2012 жылдың қазанның басында минималды температура 0°С-тан төмен болғанда жиналды. Жемісті тұрақты салмаққа дейін 35° С-та (7-10 күн) келтіреді және талдауға дейін бөлме температурасында сақтайды.	ЖЭСХ	Kinetex C18 100×2,1 мм ² id,×2,6 мкм Су/метанол t _{енг:} 30° С. Kinetex C18 100×2,1 мм ² id,×1,7 мкм. Қышқылданған су/қышқылданған метанол t _{енг:} 40° С. LC-Supelcosil 250×4,66 мм ² ×5 мкм. Аммоний формиаты/ацетонитрилдағы құмырсқа қышқылы t _{енг:} 40° С.
7	Е витамині	H ₂ O-диметилсульфоксидометанолды үлгіге компоненттерді ақырын қоса отырып, бір рет экстракциялау; сілтілі гидролизден соң, гексанмен бір рет экстракциялау.	ЖЭСХ	
8	Органикалық қышқылдар, көмірсулар, тәттілендіргіштер	3 г талданатын үлгіні шыны стаканға салып, 15-18 мл би-дистилденген су құйып, 3-5 минут магнитті араластырағашта араластырады. Содан соң стакан ішіндегіні 25 мл колбаға ауыстырып, белгіге дейін сумен келтіріп, араластырады.	Кері фазалы ЖЭСХ	Zorbax Carbohydrate 250×4,6 мм×5 мкм. Фосфор қышқылы/ацетонитрил
9	Аминқышқылдар	Amino 75® және BCAA+Glutamine Advanced® капсулаларын 50 мл суда ерітеді. Amino 75® және BCAA+Glutamine Advanced® үлгілерінің бес түрлі ерітіндісі дайындалады. Prime® 10% сумен (1/10) сұйылтылып, зерттеу үшін 3 партиясын қолданады.	МС-ЯМР	Автосамплер SampleXpress T=300K
10	Сибутрамин және оның туындылары – десметилсибутрамин және дидесметилсибутрамин	Хроматографиялық зерттеу үшін 1-6 және 8 объектілерін бөлуде 95%-дық, 1:10 қатынасындағы этил спиртіні қолданып, 30 мин бойы шайқап және центрифугирлейді. Содан соң 5 мин бойы құмды моншада қыздырып, бөлме температурасына дейін салқындатып, центрифугирлейді.	ГХ-МС (ГХ-ЖИД)	HP-5 t _{пеш:} 170° С–220° С u ₁ =20° С/мин. t _{енг:} 250° С HP-5MS t _{пеш:} 70° С (t _{уст.} =5 минут) – 310° С (t _{уст.} =10 минут) u ₁ =10° С/мин. t _{енг:} 250° С
11	Пирролизидиннің алкалоидтары (PAS) және пирролизидинді алкалоидтар N-оксидтер	10 г ботаникалық затты және 5 г целлитті 1 сағат бойы 10 мл аммоний гидроксиді және 250 мл хлороформметанолмен (85:15) шайқайды. Қоспаны фильтрлеп, фильтратты 45° С-та роторлы буландырғышта буландырады.	ГХ-МС	RSL-200 50 м×0,32 мм id t _{пеш:} 120° С (t _{уст.} =1 минут)–230° С (t _{уст.} =31 минут) u=4° С/мин
12	Кава лактона	200 мг үлгіні мұқият өлшеп алу керек. Дозатор арқылы, жоғары қысымды ЖЭСХ-ға жарамды 50 мл метанол қосады. Экстракциянды қоспаны ультрадыбысты моншаға 30 мин бойы орналастырады.	СХ-МС/МС	Waters Xterra RP C18 3,5 мкм×3 мм×150 мм Су/ацетонитрил. t _{енг:} 40° С.

№	Анықталатын қосылыстар	Сынама дайындау	Әдіс	Әдістеме шарттары
13	Металдар, металлоидтар	Қатты үлгілерді, біртекті қосылыс алу үшін ерітінді және келсаппен ұнтақтайды. Капсула және сұйық үлгілерді политетрафторэтиленді MW пешіне салуға болады.	Атомды абсорбция	
14	Селен	Таблеткаларды деионизирленген суда, 0,5 моль/л HNO ₃ және 50 ммоль/л HCl-да ерітеді. Кездейсоқ таңдалған таблетканы өлшеп, келсаппен ұнтақтап, қайта өлшейді. Ұнтақ күйдегі таблетканы 100 мл колбаға салып, экстракциялаушы агентпен белгіге дейін келтіру керек.	Атомды абсорбция	
15	Тестостерон (1), нандролон (2), дегидроэпандростерон (3), метандиенон (4), 17-α-метил-1-тестостерон (5)	Алынған үлгілер алдымен экстракцияланып, содан соң бұл қосылыстар ұшқыш үш метилсиллилді туындыларға айналады.	ГХ-МС	Полярлы емес колонка t _{өшт.} 300° С (t _{өшт.} =4,25 минут). u ₁ =8° С/мин

Ескертпе: ЖЭСХ-ДМД – диодты матрицалы детектрлі – жоғары эффективті сұйық хроматография, УЖЭСХ-УФ – ультрафиолетті детектрлі – ультра-жоғары эффективті сұйық хроматография, СХ-МС / МС – сұйық хромато – тандемді масс-спектрокопия, ГХ-МС – газды-хроматография – масс-спектрометрия, ГХ-ЖИД – жалынды ионизациялы детектрлі газды хроматография, МС-ЯМР – ядролы магнитті резонансты масс-спектрокопия.

құрамынан металдар және металлоидтар: Al, As, Ba, Cd, Ni, Pb және Sb мөлшерін ИБП-МС әдісімен анықтаған. Нәтиже бойынша, емдік өсімдіктердегі металдар концентрациясы өндіріс аумағына байланысты өзгешеленеді.

Қоспаларды ИБП-МС әдісімен анықтау алдында қышқылдар қоспасымен өңдейді. Бұл процесс барысында үлгіні дайындау көп уақытты қажет етеді және ластануын жоғарылатып, ұшқыш қосылыстардың жоғалуына алып келуі мүмкін. Үлгіні дайындау және еріту сатысынан құтылу/мейлінше қысқарту үшін өзге авторлар ИБП-МС әдісін лазерлі абляциямен байланыстырған. Яғни, қатты үлгілер ИБП-МС аспабына абляциялы бөлшек ретінде енгізіліп, сандық мөлшері анықталған.

Мақалада келтірілген мәліметтердің көпшілігі Science Direct ғылыми мақалалар және жариялымдар порталынан алынды. Келтірілген мәліметтерге сүйенер болсақ, биологиялық активті қоспалар құрамындағы, амин қышқылдары, май қышқылдары және алкалоидтар сияқты өзге де органикалық компоненттерді анықтау барысында ГХ-МС әдісі көп қолданылған. Өрбір талдау жұмыстарында әртүрлі колонкаларды қолданған. Үлгілерді еріту үшін этил спирті және метанол-хлороформ қоспасы пайдаланылған. Ал кері фаза талдау ЖЭСХ әдісімен органикалық қышқылдар, көмірсулар және цистеин анықталған. Талдау барысында C18 және Zorbax маркалы колонкалары және қозғалмалы фаза ретінде фосфор қышқылы және ацетонитрил ерітінділері қолданылған. Ал биоактивті қоспа құрамында ауыр металдарды анықтауда атомды абсорбция әдісі кең қолданылған. Бұл әдіс көмегімен кейбір тағамдық, диеталық және биоактивті қоспалар құрамынан қаптамада келтірілмеген As, Cd, Hg және Pb металдары анықталған. Тағы да бір зиянды қосылыстардың бірі – артық салмақтан арылуға көмектесетін биологиялық активті қоспалар құрамынан табылған сибутрамин қосылысы. Бұл қосылыс еліткіштік әсері бар күшті препарат. Сибутрамин арықтауға арналған көптеген препараттар құрамына кіреді: «Жуйдэмэн», «Билайт», «Apple vinegar plant fiber slimming capsule», «Летящая ласточка», «Капсула обезжиривания», «Жасминовый чай», «Green Coffee 800» және т.б. Сибутраминді анықтау үшін зерттеушілер ГХ-МС әдісін қолдан-

ған. Зерттеу нәтижесінде талдауға алынған үлгілер құрамынан сибутрамин және оның туындылары анықталған. Кез-келген әдіспен талдау жүргізу барысында, зерттеушілер сол әдісті оңтайландыру үшін жаңа әдістемелерді жасап, қажетті нәтижелерге қол жеткізген.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл жұмыс барысында биологиялық активті қоспа құрамындағы пайдалы және зиянды компоненттерді газды хромато-масс-спектрометрия, атомды абсорбционды спектроскопия, сұйық хроматография–масс-спектрометрия, масс-спектро-ядролық магнитті резонанс, жоғары эффективті сұйық хроматография әдістерімен анықтау жұмыстары қарастырылды. Жоғарыда келтірілген мақалаларды қорытындылай келе, шетелдік ғалымдардың көпшілігі БАҚ құрамындағы компоненттерді анықтау барысында хроматографиялық әдістердің тиімділігін атап өтті. Ал ауыр металдарды анықтауда атомды абсорбция әдісі тиімді әдіс ретінде көрсетілген.

РЕЗЮМЕ

**ЖАУЛЫБАЕВА М.Р.¹, СЕРГАЗИНА М.М.¹,
АЛИМЖАНОВА М.Б.¹,**

*¹Казахский национальный университет
имени аль-Фараби, г. Алматы*

СОВРЕМЕННЫЕ ФИЗИКО-ХИМИЧЕСКИЕ МЕТОДЫ АНАЛИЗА БАД (ОБЗОР)

В связи с быстрым темпом роста производства биологически активных добавок и их большого разнообразия контроль качества является одной из острых и актуальных проблем. Для идентификации компонентного состава биологически активной добавки требуется одновременное применение различных высокоточных методик. Нами сделан обзор научных работ за последние 15 лет по анализу биологически активных добавок с применением современных физико-химических методов анализа, таких как газовая хромато-масс-спектрометрия, атомно-абсорбционная спектро-

скопия, ядерно-магнитный резонанс, высокоэффективная жидкостная хроматография.

Ключевые слова: биологически активные добавки, высокоэффективная жидкостная хроматография, атомно-абсорбционная спектрометрия, масс-спектрометрия, газовая хроматография.

SUMMARY

ZHAULYBAYEVA M.R.¹, SERGAZINA M.M.¹,
ALIMZHANOVA M.B.¹,

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty c.

MODERN PHYSICAL AND CHEMICAL METHODS IN THE ANALYSIS OF BIOLOGICALLY ACTIVE ADDITIVES (REVIEW)

Due to the fast growth rate of production of biologically active additives (BAA) and their wide variety, quality control of dietary supplements is one of the most serious and terrible issue for the present time. Simultaneous application of various high-precision techniques is required in order to identify their composition. This article reviews the essential physicochemical methods such as gas chromatography, atomic absorption spectroscopy, nuclear magnetic resonance, high-performance liquid chromatography for analysis of BAA which were provided during the last 15 years.

Keywords: biologically active additives, high performance liquid chromatography, atomic absorption spectroscopy, mass spectroscopy, gas chromatography-mass spectrometry, nuclear magnetic resonance, high-precision methods, vitamin complex, chemical elements.

Әдебиет:

1. Проблема контроля качества биологически активных добавок к пище. [Электронный ресурс]: <http://obad.ru>.
2. Соломонова Л.В. (2014). Роль БАД в современном обществе: споры, необходимость, противоречия. Теория и практика общественного развития – М.: 2014, с. 124-126.
3. ТР ТС 021/2011 «О безопасности пищевой продукции».
4. ТР ТС 022/2011 «Пищевая продукция в части ее маркировки».
5. ТР ТС 027/2012 «О безопасности отдельных видов специализированной пищевой продукции, в том числе диетического лечебного и диетического профилактического питания».
6. ТР ТС 029/2012 «Требования безопасности пищевых добавок, ароматизаторов и технологических вспомогательных средств».
7. ТР ТС 005/2011 «О безопасности упаковки».
8. Единые санитарно-эпидемиологические и гигиенические требования к товарам, подлежащим санитарно-эпидемиологическому контролю (надзору), утвержденные Решением Комиссии таможенного союза от 28 мая 2010 года №299.
9. СанПиН 2.3.2.1290-03. «Гигиенические требования к организации производства и оборота биологически активных добавок к пище (БАД)».
10. ГОСТ Р 57029-2016. Продукты пищевые специализированные, специи, пряности, продукты их переработки и биологически активные добавки к пище.
11. ГОСТ Р 57990-2017. Продукция пищевая специализированная, биологически активные добавки к пище.
12. МУК 4.1.1482-03. Определение химических элементов в биологических средах и препаратах методами атомно-эмиссионной спектрометрии с индуктивно связанной плазмой и масс-спектрометрии с индуктивно связанной плазмой.
13. МУК 4.1.1481-03. Определение массовой концентрации йода в пищевых продуктах, продовольственном сырье, пищевых и биологически активных добавках вольтамперометрическим методом.
14. Simultaneous detection of retinol and α -tocopherol in human serum by high performance liquid chromatography. / De Lechner A.P. – Journal of Chromatography A. — 1979. – №162. – P. 408-413.
15. Chromatographic analysis of α -tocopherol and related compounds in various matrices. / Ruperez F.J. – Journal of Chromatography A. – 2001. – №935. – P. 45-69.
16. Введение в микромасштабную ВЭЖХ. / М. Гото, К. Джинно. – М.: Мир, 1989, С. 216-222.
17. ВЭЖХ: основы теории. / В.Д. Шатц, О.В. Сахартова. – Рига.: Изд-во «Зинатне», 1988-390 с.
18. Automated analysis of vitamin E isomers in vegetable oils by continuous membrane extraction and liquid chromatography-electrochemical detection. / Sanchez-Perez A. – Journal of Chromatography A. – 2000. – №881 – P. 229-249.
19. Методы контроля и стандартизации лекарственных препаратов, содержащих жирорастворимые витамины (обзор). / А.И. Лутцева, Л.Г. Маслов, В.И. Середенко – Хим.-фарм. журн. – 2001. – Т. 35. – №10. – С. 41-45.
20. Физико-химические методы определения витамина Е в различных объектах (обзор). / Е.В. Михеева, Л.С. Анисимова. – Заводская лаборатория. Диагностика материалов. – 2005. – Т.71. – №2. – С. 3-9.
21. «Аевит в капсулах». ФС 42-1699-95.
22. «Аекол». ФС 42-3182-95.
23. Определение витаминов в кормовых и пищевых продуктах методом высокоэффективной жидкостной хроматографии. / А. П. Арбатский, Г. Н. Афоньшин, В. М. Востоков. – Журн. Аналитической химии. – 2004. – 59(12). – С. 1304-1307.
24. «Витамин Е в капсулах». НД 42-7843-97.
25. Оптимизация методик определения действующих веществ в масле из плодов калины. / Гаврилин М. В. – Хим.-фарм. журн. – 2007. – Том 41. – №2 – С. 42-44.
26. Новые экспресс-методики определения жирорастворимых витаминов в сиропе «Олиговит» и таблетках «Алфавит» методом ВЭЖХ. / Григорьев А.М. – Сорбционные и хроматографические процессы. – 2006. – Т. 6. – Вып. 1. – С. 62-69.
27. Хроматографическое поведение жирорастворимых витаминов в режиме обращеннофазовой жидкостной хроматографии с подвижной фазой вода – изопропанол. / Денисова Л.В. – Журн. аналитической химии. — 1997. – Т. 52. – №9. – С. 967-969.
28. Определение витаминов А и Е методом ВЭЖХ с предварительным равновесным распределением в двух несмешивающихся жидких фазах. / Ключев С.А. – Журн. аналитической химии. – 1996. – Т. – №9. – С. 961-963.
29. Определение водо- и жирорастворимых витаминов в поливитаминных препаратах методом высокоэффективной

жидкостной хроматографии. / Л.А. Кожанова, Г.А. Федорова, Г.И. Барам. – Журн. аналитической химии. – 2002. – Т. 57. – №1. – С. 49-54.

30. Определение витаминов А, D, Е в поливитаминных препаратах с помощью высокоэффективной жидкостной хроматографии. / Козлов Э.И. – Хим.-фарм. журн. – 2003. – Т. 37. – №10. – С. 50-53.

31. Определение витаминов Е и D3 в некоторых препаратах методом высокоэффективной жидкостной хроматографии с косвенным спектрофотометрическим детектированием. / Е.Е. Лазарева, Г.Д. Брыкина, О.А. Шпигун. – Журн. аналитической химии. – 2002. – Т. 57. – №7. – С. 737-740.

32. Выбор трехкомпонентного элюента для определения жирорастворимых витаминов методом высокоэффективной жидкостной хроматографии в поливитаминных фармацевтических препаратах. / Филимонов В.Н. – Журн. аналитической химии. – 2000. – Т. 55. – №7. – С. 732-738.

33. Одновременное количественное определение водо- и жирорастворимых витаминов и консервантов с использованием колонки нового типа CHROMOLITH. / Голубицкий Г.Б. – Заводская лаборатория. Диагностика материалов. – 2008. – Т.74. – №3. – С. 10-15.

34. Определение жирорастворимых витаминов в зерновых премиксах, блендах, таблетированных биологически активных добавках и медпрепаратах методом ВЭЖХ. / Пирогов А.В. – Заводская лаборатория. Диагностика материалов. – 2008. – Т.74. – №3. – С. 3-9.

35. Оптимизация и оценка применимости метода ВЭЖХ для подтверждения показателя качества поливитаминных фармацевтических препаратов. / Филимонов В.Н. – Заводская лаборатория. Диагностика материалов. – 2001. – Т.67. – №10. – С. 8-13.

36. Isolation and Identification of Drugs. / Greenfield E.S. – London: Pharmaceutical Press 1986- Sec. Edd., p.1648

37. Determination of organic acids in olive fruit by HPLC. / Ergonul P.G., Nergiz C. – Czech J. Food Sci. – 2010 – V. 28. – P. 202-205.

38. Determination of Organic Acids in White Wines by RP-HPLC. / Kordi-Krape M. – Food technol. Biotechnol – 2001. – V. 39. – №2. – P. 93-99.

39. Rapid determination of main constituents of packed juices by reverse phase high performance liquid chromatography: an insight in to commercial fruit drinks. / Zeppa G., Conterno L., Gerbi V. – J. Agric. Food Chem – 2001. – V. 49. – P. 272-276.

40. HPLC Organic Acid Analysis in Different Citrus Juices under Reversed Phase Conditions. / V. Nour [et al.]. – Not. Bot. Hort. Agrobot. Cluj – 2010. – V.38. – №1. – P. 44-48.

41. Газовая хроматография. Садыконский К.И., выпуск 1, 1964.

42. Gas chromatographic quantification of fatty acid methyl esters: Flame ionization detection vs. Electron impact mass spectrometry. / Dodds E., McCoy M., Rea L. and Kennish, J. – Lipids. – 40(4). – P. 419-428.

43. Interactive effects of dietary protein level and oil source on proximate composition and fatty acid composition in common carp (*Cyprinus carpio* L.). / Ljubojević D., Radosavljević V., Puvača N., Živkov Baloš M., Đorđević V., Jovanović R. and Ćirković M. (2015). – Journal of Food Composition and Analysis – 37. – P. 44-50.

44. One-step extraction/methylation method for determining the fatty acid composition of processed foods. / Ulberth F. and Henninger M. (1992). – Journal of the American Oil Chemists' Society. – 69(2). – P. 174-177.

45. A rapid method for extraction of total lipids from whey protein concentrates and separation of lipid classes with solid phase extraction. / Vaghela M. and Kilara A. (1995). – Journal of the American Oil Chemists' Society. – 72(12). – P. 1597-1597.

46. Extended validation of a simplified extraction and gravimetric determination of total fat to selected foods. / Phillips K., Ruggio D. and Amanna K. (2008). – Journal of Food Lipids. – 15(3). – P. 309-325.

47. Evaluation of an automated hydrolysis and extraction method for quantification of total fat, lipid classes and trans fat in cereal products. / Robinson J., Singh R. and Kays S. (2008). – Food Chemistry. – 107(3). – P. 1144-1150.

48. Official Methods for the Determination of Trans Fat. / Mossoba M.M., Kramer J.K.G. (2009). – 2nd edition AOCS Press, Urbana, IL, USA.

49. Evaluation of Metal and Microbial Contamination in Botanical Supplements. / Raman P., Patino L. and Nair M. (2004). – Journal of Agricultural and Food Chemistry. – 52(26). – P.7822-7827.

50. Heavy metal and pesticide content in commonly prescribed individual raw Chinese Herbal Medicines. / Harris E., Cao S., Littlefield B., Craycroft J., Scholten R., Kaptchuk T., Fu Y., Wang W., Liu Y., Chen H., Zhao Z., Clardy J., Woolf A. and Eisenberg D. (2011). – Science of The Total Environment. – 409(20). – P. 4297-4305.

51. Elemental analysis of nutritional preparations by inductively coupled plasma mass and optical emission spectrometry. / Krejčová A., Ludvíková I., Černohorský T. and Pouzar M. (2012). – Food Chemistry. – 132(1). – P.588-596.

52. Total and inorganic arsenic in dietary supplements based on herbs, other botanicals and algae—a possible contributor to inorganic arsenic exposure. / Hedegaard, R., Rokkjær, I. and Sloth, J. (2013). – Analytical and Bioanalytical Chemistry – 405(13)- p.4429-4435.

53. Analysis of Dietary Supplements for Arsenic, Cadmium, Mercury, and Lead Using Inductively Coupled Plasma Mass Spectrometry. / Dolan S., Nortrup D., Bolger P. and Capar S. (2003). – Journal of Agricultural and Food Chemistry. – 51(5). – P. 1307-1312.

54. Determination of macro and trace elements in multivitamin dietary supplements by high-resolution continuum source graphite furnace atomic absorption spectrometry with slurry sampling. / Krawczyk M. (2014). – Journal of Pharmaceutical and Biomedical Analysis. – 88. – P. 377-384.

55. Inductively coupled plasma optical emission spectrometric determination of fifteen elements in dietary supplements: Are the concentrations declared in the labels accurate? / Marrero J., Rebagliati R., Leiva E., Londonio A. and Smichowski P. (2013). – Microchemical Journal. – 108. – P. 81-86.

56. The role of analytical techniques in the determination of metals and metalloids in dietary supplements: A review. / Smichowski P. and Londonio A. (2018). – Microchemical Journal. – 136. – p. 113-120.

57. Determination of Cu, Fe, Mn and Zn by flame atomic absorption spectrometry in multivitamin/multimineral dosage forms or tablets after an acidic extraction. / Soriano S., Netto A. and Cassella R. (2007). – Journal of Pharmaceutical and Biomedical Analysis. – 43(1). – P. 304-310.

58. Content and daily intake of copper, zinc, lead, cadmium, and mercury from dietary supplements in Mexico. / L. García-Rico, J. Leyva-Perez, M.E. Jara-Marini. – 2007. – Food Chem. Toxicol. – 45. – P. 1599-1605.

59. Determination of plasma free carnitine by electrospray tandem mass spectrometry. / Hardy D., Preece M. and Green A. (2001). – Annals of Clinical Biochemistry. – 38(6). – P. 665-670.

МРНТИ: 76.31.31

АХТАЕВА Н.З.¹, КИСИМОВА Г.¹,¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

ACANTHOPHYLLUM PUNGENS

ДӘРІЛІК ӨСІМДІГІНІҢ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ

Қазіргі таңда осы дәрілік өсімдіктерді зерттеуге ботаника, фармация, фармакология салалары қызығушылық танытып, жұмыс жасауда. Соның ішінде зерттеуді қажет ететін өсімдіктің бірі Caryophyllaceae Juss. тұқымдасының *Acanthophyllum* С. туысына жататын *Acanthophyllum pungens* өсімдігі.

АҢДАТПА

Мақалада Малайсары шатқалынан 2017 жылы гүлдеу кезеңінде жинақталған *Acanthophyllum pungens* дәрілік өсімдігінің морфологиялық және анатомиялық ерекшеліктері көрсетілген. Өсімдіктің медицинада қолданылу перспективтілігін анықтау үшін, ботаникалық зерттеулер жүргізудің маңыздылығы өте зор. Ботаникалық зерттеулер арқылы, өсімдіктің морфологиялық және анатомиялық ерекшеліктерінің негізінде диагностикалық белгілерін анықтау, ары қарай химиялық тұрғыдағы жұмыстарды кеңінен жүргізуге мүмкіндік береді. Морфологиялық ерекшеліктеріне өсімдіктің жапырақтарының тікенді қылқанды, сабақтарының тарамдалып жақсы бұтақталғанын жатқызамыз. Анатомиялық ерекшеліктеріне ксероморфтық белгілер тән. Эпидерма клеткаларының сыртқы қабырғалары қалың, сырты кутинмен қапталған. Сабақтың эпидерма қалыңдығы $0,41 \pm 0,04$ мкм құрайды. Алғашқы қабықта хлоренхима дамыған. Хлоренхима қабатынан кейін склеренхима кеңінен дамыған, қалыңдығы $0,57 \pm 0,02$ мкм. Өткізгіш ұлпалар шеңбер бойымен шоқсыз орналасқан. Сабақ өзегінің ені $0,18 \pm 0,01$ мкм. Өзек паренхима клеткалары ыдыраған. Жапырақ эпидерма клеткаларының сыртқы қабырғалары қалың. Жапырақтың эпидерма клеткаларының қалыңдығы – $0,09 \pm 0,01$ мкм. Ішкі бөлігін қатпарлы мезофиллдер алып жатыр. Мезофилл клеткаларында кең көлемді друза кристаллдары кездеседі. Друза кристаллдарының көлемі – $0,32 \pm 0,02$ мкм.

Түйін сөздер: *Acanthophyllum pungens*, анатомия, морфология, диагностикалық белгілер

ЗЕРТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Дәрілік өсімдіктерді дұрыс пайдалану үшін олардың әрбір мүшелерінің биологиялық ерекшеліктерін және химиялық құрамын білу барынша маңызды болып табылады. Өсімдіктердің химиялық құрамы да әртүрлі болып келеді. Олардың құрамында сапониндер, эфир майлары, таниндер, флаваноидтар, гликозидтер және т.б. биологиялық белсенді заттар кездеседі.

Acanthophyllum pungens – шөл мен жазық және тасты құмдарда өсетін көпжылдық шөптесін өсімдік. Тіршілік формасы тікенекті бұта тәрізді. Эндемдік түр *Acanthophyllum pungens* өсімдігі Зайсан, Бетпақдала, Мойынқұм, Қаратау, Жоңғар Алатауы мен Балқаш ауданында кездеседі. *Acanthophyllum pungens* өсімдігінің дәрілік шикізаты ретінде жер үсті массасы қолданылады. *Acanthophyllum pungens* өсімдігінің тамыры тік, жақсы тарамдалған, қалыңдығы 5-15 мм. Тамыры 1-2% эфир майынан, таниннен, шайырдан, 12-18% инсулиннен тұрады. *Acanthophyllum pungens* өсімдігі бүйрек ауруларына, тері ауруларына, өкпенің қабынуына, несеп айдауда, терлететін дәрі-дәрмек ретінде, ветеринарлық медицина саласында ішек құртты айдағыш ретінде қолданады.

ЗЕРТТЕУДІҢ МАҚСАТЫ

Acanthophyllum pungens дәрілік өсімдігінің морфо-анатомиялық ерекшеліктерін зерттеу.

ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Acanthophyllum pungens өсімдігі Жоңғар Алатауының оңтүстік-батыс сілемдеріне жататын Малайсары шатқалынан 2017 жылдың маусым-шілде айларында жинақталды. Өсімдіктің бұл аймақтағы қоры әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың өсімдіктер биоморфологиясы лабораториясының зерттеулері нәтижелері бойынша анықталды.

Анатомиялық зерттеу үшін *Acanthophyllum pungens* дәрілік өсімдігінің фиксацияланған сабағы, өсімдік сабағының құрғақ массасы қолданылды. Өсімдік сабағының морфологиялық ерекшеліктерін анықтауда бинокляр пайдаланылды. Сабағының фиксациясы Страсбургер-Флемминг әдістемесі бойынша 70% спиртте жүргізілді (спирт, глицерин, су – 1:1:1).


Сабақтың көлденең кесіндісі ТОС-2 мұздатқыш құрылғысы бар микротомның көмегімен жасалды. Анатомиялық кесінділердің қалыңдығы 10-15 мкм болды. Анатомиялық құрылымының суреттері МС-300 (MICROS, Austria) микроскопының көмегімен түсірілді.

Анатомиялық құрылысты ерекшеліктерін сипаттауда жалпыға ортақ терминология қолданылды (Вехова және басқалары, 1980, Барыкина Р., 2004, Прохина М.Н.). [1,3]

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Acanthophyllum pungens-тың морфологиялық құрылысы. *Acanthophyllum pungens* – Caryophyllaceae Juss. тұқымдасына, *Acanthophyllum* С. туысына жататын, шөл мен жазық және тасты құмдарда өсетін көпжылдық шөптесін өсімдік (сурет 1А). *Acanthophyllum pungens* өсімдігінің биіктігі 30–40 см болып келеді. Тікенді бұта тәрізді тіршілік формасы тән. Дәрілік өсімдіктерді дұрыс пайдалану үшін олардың әрбір мүшелерінің биологиялық ерекшеліктерін білу барынша маңызды. *Acanthophyllum pungens* өсімдігінің КСРО-да 33 түрі кездессе, ал Қазақстанда 5 түрі кездеседі. *Acanthophyllum pungens* өсімдігі Орта Азия, Солтүстік Батыс, Монғолия, Торғай, Шығыс Қазақстан, Аягөз, Зайсан, Бетпақдала, Мойынқұм, Жоңғар Алатауы, Іле-Күнгей Алатауы, Шу-Іле таулары, Қырғыз Алатауы, Қаратауда кездеседі.

Acanthophyllum pungens сабағының биіктігі 15-35 см құрайды. Сабақтарының түп негізінен бастап тарамдалып-бұтақталған, шар тәрізді қысқа түктермен жабылған бұта түзеді (сурет 1Б).



Сурет 1 – *Acanthophyllum pungens* өсімдігі өсу жағдайында (А), *Acanthophyllum pungens* өсімдігінің гербарии (Б)

Жапырақтары ине тәрізді, түрі өзгерген тікенге айналған. Жапырағының ұзындығы 2-4 см, ені 1-1,5 мм. Жапырақтары қарама-қарсы орналасады. Жапырақтары горизонтальды бағытта орналасқан. Жапырақ қолтықтарында ине тәріздес ұсақ жапырақшалар орналасқан (сурет 2А).

Тостағаншасы түтік тәрізді болады. Сырты қысқа түкті. Тостағаншаның ұзындығы 6-7 мм, тостағаншасының ені 1,5-2 мм құрайды. Тостағанша жапырақшаларының үшбұрышты, ұшы ине тәрізді тікенекті болып


келеді. Тікенектерінің ұзындығы шамамен 1 мм болады (сурет 2Ә,Б).

Тостағанша жапырақшаларынан кейін, күлте жапырақшалары орналасады. Күлте жапырақшаларының түсі ашық қызғылт түсті, тостағаншадан 1,5 есе ұзын болады. Күлте жапырақшаларының саны – 5. Күлте жапырақшалары еліктіргіш қызмет атқарады (сурет 3А,Ә).

Acanthophyllum pungens өсімдігі – қосжынысты, бірікпелі өсімдік. Аталықтары тостағаншадан 2 есе ұзын болады. Аталықтарының саны – 10, аналықтарының саны – 2. Аналықтары бір ұялы болады, аналықтарының 4-8 тұқым бүршігі бар. Қорапшасындағы тұқым саны 1-2.

Сабағы және бұтағының жоғары жағындағы гүлдері, қалқанша шоқпарбасты гүлшоғырын құрайды (сурет 3Б). Гүлсеріктері ланцетті-ине тәріздес тікенекті, ұштары қайырылған.

Гүлдері мамыр айында гүлдейді, маусым айында жеміс береді. Гүлінің формасы актиноморфты. Тамыры тік, жақсы тарамдалған, қалыңдығы 5-15 мм болады.



Сурет 2 – *Acanthophyllum pungens* өсімдігінің жапырағы (А), тостағаншасының бинокуляр астындағы көрінісі (Ә), тостағанша жапырақшаларының түктерінің формасы (Б)

Acanthophyllum pungens өсімдігі сабағының анатомиялық құрылысы. *Acanthophyllum pungens* өсімдігінің сабағының анатомиялық құрылысы 3 топографиялық зонадан тұрады: жабындық ұлпа, алғашқы қабық және орталық цилиндр (сурет 4).


Жабындық ұлпасы бірінші реттік эпидерма паренхималық клеткаларынан құралған, олар бір-бірімен тығыз бір қатарлы болып орналасқан. Эпидерма клеткаларының сыртқы қабырғалары қалың, сырты кутинмен қапталған. Бұл қосымша қорғаныштық қызметті арттырады және транспирацияны азайтады.



Сурет 3 – *Acanthophyllum pungens* өсімдігінің күлтесі (А, Ә), *Acanthophyllum pungens* гүлшоғыры (Б)

Алғашқы қабықтың сырты эпидермамен, ішкі жағынан эндодермамен шектеледі. Сабақтың эпидерма қалыңдығы $0,41 \pm 0,04$ мкм құрайды. Алғашқы қабықта эпидерманың астында хлоренхима екі қатарлы болып орналасқан. Жапырақ тақтасы тікенекке айналғандықтан ассимиляциялық функцияны сабақ та атқарады. Сондықтан хлоренхима ұлпалары жақсы жетілген. Хлоренхима ұлпаларынан кейін алғашқы қабықта склеренхима кеңінен дамыған, қалыңдығы $0,57 \pm 0,02$ мкм. Склеренхима алғашқы қабықта кездесетін тірек ұлпалары болып табылады. Склеренхима тоғыз қатарлы болып орналасқан. Склеренхима клеткаларының басым дамуы склерификацияны білдіреді. Яғни өсімдіктің инсоляциядан сақтануға бейімделуі. Осыған байланысты сабақта су транспирациясы азайып клеткалардағы сулар үнемделіп жұмсалады. Склеренхимадан кейін алғашқы қабық паренхима клеткалары орналасқан. Алғашқы қабықтың паренхималық клеткалары дөңгелек пішінді және қабырғалары қалыңдаған (сурет 5).

Орталық цилиндр өткізгіш ұлпалардан және өзектік паренхимадан тұрады. Өткізгіш ұлпалар шеңбер бойымен шоқсыз орналасқан.




Сурет 4 – *A. pungens* өсімдігінің сабағының көлденең кесіндісі (x180)

Ескертпе: 1 – эпидерма, 2 – хлоренхима, 3 – склеринхима, 4 – алғашқы қабық паренхимасы, 5 – флоэма, 6 – ксилема, 7 – өзек.

Флоэма ұлпалары ұсақ пішінді клеткалар жиынтығынан, ксилема кең көлемді клетка қабырғалары қалың клеткалардан тұрады. Сабақтың ксилема түтігінің қалыңдығы $0,18 \pm 0,01$ мкм. Одан кейін ортасында өзек орналасқан. Өзекте артық қор заттары жинақталады.

Сабақ өзегінің ені $0,18 \pm 0,01$ мкм. Өзек паренхима клеткалары ыдыраған (сурет 6).



Сурет 5 – Сабағының перифериялы бөлігі (x720)
Ескертпе: 1 – кутикула, 2 – эпидерма, 3 – хлоренхима, 4 – склеринхима, 5 – алғашқы қабық паренхимасы.




Сурет 6 – *Acanthophyllum pungens* өсімдігінің сабағының өткізгіш шоқтарының көрінісі (x720)

Ескертпе: 1 – флоэма, 2 – ксилема, 3 – өзек.

Acanthophyllum pungens өсімдігі жапырағының анатомиялық құрылысы. *Acanthophyllum pungens* өсімдігінің жапырағының анатомиялық құрылысы үш бөліктен тұрады. Олар: астыңғы және үстіңгі эпидермис, мезофиллдер, өткізгіш шоқтар.


Acanthophyllum pungens өсімдігінің жапырақ тақтасында екі эпидермис қабаты болады. Олар үстіңгі және астыңғы эпидермис қабаттары. Жапырақтың тақтасының қалыңдығы – $1,74 \pm 0,08$ мкм құрайды. Жапырақтың эпидерма клеткаларының сыртқы қабырғалары ішкі қабырғаларға қарағанда қалың. Эпидермис қабаты тірі, тығыз орналасқан клеткалардан тұрады. Жапырақтың эпидерма клеткаларының қалыңдығы – $0,09 \pm 0,01$ мкм құрайды. Эпидермистің негізгі қызметі – жапырақтың ішкі жұмсақ бөлігін кеуіп кетуден, механикалық зақымданудан және микроорганизмдердің енуі-

нен сақтайды. Эпидермис қабатының сыртын киізді қабат жауып жатыр (сурет 7).



Сурет 7 – Жапырақтың көлденең кесіндісі (x180)
Ескертпе: 1 – астыңғы эпидермис, 2 – үстіңгі эпидермис, 3 – ксилема, 4 – флоэма, 5 – друза, 6 – киізді қабат, 7 – склеренхима.

Үстіңгі эпидермис пен астыңғы эпидермистің арасында ассимиляциялық ұлпалар орналасады. *Acanthophyllum pungens* өсімдігі шөлді аймақта кездесетіндіктен, басқа өсімдіктің жапырақтары сияқты бағаналы және борпылдақ мезофилл болып бөлінбейді. *Acanthophyllum pungens* өсімдігінің ішкі бөлігін қатпарлы мезофиллдер алып жатыр. Мезофилл клеткаларында кең көлемді друза кристаллдары кездеседі. Друза кристаллдарының көлемі – $0,32 \pm 0,02$ мкм құрайды (сурет 8А).



Сурет 8 – Жапырақтың көлденең кесіндісі (x720), жапырақ тақтасы (А), жапырақтың жүйкелік бөлігі (Б)
Ескертпе: 1 – үстіңгі эпидермис, 2 – астыңғы эпидермис (А), 1 – ксилема, 2 – флоэма, 3 – қатпарлы мезофилл (Б).

Acanthophyllum pungens өсімдігіне коллатеральды жабық өткізгіш шоқ типі тән. Коллатеральды жабық өткізгіш шоқ типінің ерекшелігі ксилема жапырақтың үстіңгі жағында, ал флоэмасы астыңғы жағына қарай орналасады. Өткізгіш шоқтар қоректік заттарды жылжытып қана қоймай, механикалық қызмет те атқарады. Орталық жүйкеде склеренхима ұлпасы кеңінен дамыған. Ол жүйкенің басым бөлігін алып жатыр. Арқаулық ұлпаның бұлай дамуы жапырақтың жоғарғы температураға төзімділігін арттырады (сурет 8Ө).

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Қазақстан Республикасының Іле-Балқаш аймағында өсетін *Acanthophyllum pungens* өсімдігінің биологиялық ерекшеліктері зерттелді.

2. *Acanthophyllum pungens* жерасты бөлігінің микроскопия арқылы морфо-анатомиялық белгілерінің зерттеу нәтижелері келтірілген үзінді шикізатын стандарттауда пайдаланылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік фармакопеясының морфология бөліміне қосу үшін алынған деректер негізінде *Acanthophyllum pungens* жерүсті бөлігінен алынған мәліметтер моно-графия жобасында қалыптасады.

3. Шикізатқа жүргізілген морфологиялық зерттеулерде анықталған белгілері сабағы қысқа түктерден тұрады. Сабағының биіктігі 15-35 см құрайды. Сабақтың негізгі бөлігі бұтақталған, шоқ бұтасы қысқа түкті, шар тәрізді көрініске ие. Жапырақтары ине тәрізді, түрі өзгерген тікенге айналған. Жапырағының ұзындығы 2-4 см, ені 1-1,5 мм. Жапырақтары қарама-қарсы орналасады. Тостағаншасы түтік тәрізді немесе жіңішке және қоңырау тәрізді болады. Күлте жапырақшаларының түсі ашық қызғылт түсті, тостағаншадан 1,5 есе ұзын болады. Тамыры тік, жақсы тарамдалған, қалыңдығы 5-15 мм болады.

4. Анатомиялық ерекшеліктеріне ксероморфтық белгілер тән. Эпидерма клеткаларының сыртқы қабырғалары қалың, сырты кутинмен қапталған. Сабақтың эпидерма қалыңдығы $0,41 \pm 0,04$ мкм құрайды. Алғашқы қабықта хлоренхима дамыған. Хлоренхима қабатынан кейін склеренхима кеңінен дамыған, қалыңдығы $0,57 \pm 0,02$ мкм. Өткізгіш ұлпалар шеңбер бойымен шоқсыз орналасқан. Сабақ өзегінің ені $0,18 \pm 0,01$ мкм. Өзек паренхима клеткалары ыдыраған. Жапырақ эпидерма клеткаларының сыртқы қабырғалары қалың. Жапырақтың эпидерма клеткаларының қалыңдығы – $0,09 \pm 0,01$ мкм. Ішкі бөлігін қатпарлы мезофиллдер алып жатыр. Мезофилл клеткаларында кең көлемді друза кристаллдары кездеседі. Друза кристаллдарының көлемі – $0,32 \pm 0,02$ мкм.

Өсімдіктің фармакогнозиялық белгілері ретінде, морфологиялық және анатомиялық ерекшеліктері негізделмей, өсімдіктің дәрілік шикізат ретіндегі құндылығын анықтау мүмкін емес.

РЕЗЮМЕ

АХТАЕВА Н.З.¹, КИСИМОВА Г.Г.¹
¹Казахский национальный университет
имени аль-Фараби, г. Алматы

ДИАГНОСТИЧЕСКИЕ ПРИЗНАКИ ЛЕКАРСТВЕННОГО РАСТЕНИЯ ACANTHOPHYLLUM PUNGENS

Статья посвящена исследованию диагностических признаков лекарственного сырья *Acanthophyllum pungens*. Проведено морфологическое и анатомическое исследование наземных органов *Acanthophyllum pungens* из семейства *Caryophyllaceae* Juss., произрастающей в

ущельях Малайсары в фенологическую фазу цветения. Зоны распространения: Средняя Азия, Казахстан, Монголия. В надземной части и корнях растения содержится много сапониновых веществ. Колючелистники крайне нежелательны в травостоях естественных пастбищ. Впервые описаны диагностически значимые макроскопические и микроскопические признаки высушенного сырья.

Ключевые слова: *Acanthophyllum pungens*, анатомия, морфология, диагностические признаки.

SUMMARY

AKHTAYEVA N.Z.¹, KISIMOVA G.¹,

¹Al-Farabi Kazakh National university, Almaty c.

DIAGNOSTIC SIGNS OF MEDICINAL PLANT ACANTHOPHYLLUM PUNGENS

The article is devoted to the investigation of diagnostic features of medicinal raw material *Acanthophyllum pungens*. A morphological and anatomical study of the vegetative raw materials of the aerial organs of *Acanthophyllum pungens* from the family Caryophyllaceae Juss., growing in the gorges of Malaisara in the phenological phase of flowering, was carried out. For the first time, the diagnostically significant macroscopic and microscopic signs of the dried raw material of the endemic plant *Acanthophyllum pungens* are described.

